



МЕРЕКЕ КҮММЫ БОЛСЫН, АРҰЛАР!

ЗАН

ZANMEDIA.KZ

газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazet@mail.ru

№18 (3549) 7 наурыз 2023



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Гүлажар Бақытжанова,
Маңғыстау облыстық сотының
азаматтық істер жөніндегі
сот алқасының төрағасы:

«БІЛІМДІ ӘЙЕЛ ӨМІРДІ ӨЗГЕРТЕДІ»

*«Әйел бір қолымен бесі-
гін тербетсе, екінші қолымен
әлемді тербетедеі» деген рас.
Әйелдер қаласа барлығын жа-
сай алады. Оған дәлел – Гүла-
жар Бақытжанова. Ол кісіні мен
әлеуметтік желіден көріп, бел-
сенділігіне тәнті болатынмын.
Сот саласындағы жетістігімен
таңқалдырған әріптесімнің алты
бала тәрбиелеп отырған ана
екенін, «Құрмет» орденінің ие-
гері екенін естігенде құрметім
еселене түсті. Себебі, әйелдерге
мансап жасау қиынырақ. Үй
міндетін мінсіз атқарып, күй-
еуінің жағдайын жасау, бала-
лардың бабын тауып, жақында-
ры мен қонақтардың көңілінен
шыға жүріп қызмет ету екінің
бірінің қолынан келмейді. Отба-
сы мен жұмыстың тірлігін әдемі
үйлестіріп отырған ханыммен
жақында сұхбаттасудың сәті
түскен еді.*

– Құрметті Гүлажар Қоянбай-
қызы, ұсынысымды қабыл алып,
сұхбатқа келіскеніңізге алғысым
шексіз. Жақында гендерлік теңдік
бойынша семинарға қатысып, сізді
мысалға келтірген едім. Ал, жур-
налистер күйеуіңіздің түсінігі мол
болғандықтан және көмекшілер
жаныңызда жүргендіктен барлығы-
на үлгереді деген пікірде. Көпшілік
пікірімен келісесіз бе?

– Менің өмірімде бәрі оңай да жеңіл,
тамаша да мінсіз деп ойлағандар, қатты
қателеседі. Дегенмен, мен осы күнге
қалай жеттім? Ұйқысыз түндер, таңғы
5-тен тұрып үй жинау, кір жуу, тамақ
әзірлеу, кешке жұмыстан 8-дерде келіп
ас әзірлеу, балалардың сабағын оқыту
біздің де бастан өтті. Үйде қанша қауы-
рт тірлік болса да мәселенің барлығын
есіктен шыққан сәтте ұмытып, жаңа
масканы киіп, жұмысқа баруым керек.
Жолдасыңның көңіліндегісін тауып, ба-
бын жасау да оңай емес. Жетістікке жет-
кен әйелдің негізгі құпиясы – өз күйеуін
идеал етіп көрсетуінде. Жұмыста басшы
болғаннан кейін, әріптестерден бір
саты жоғары болу үшін таңғы ұйқыңды
қиып, заң нормаларын талқыға салатын
газет-журналдарды да оқу керек. Алқа
талқысында қаралатын әрбір істі мен
өзім зерттеймін, әрбір істегі адам тағ-
дырын жүрегімнен өткіземін. Ол маған
оңайға соқпайды.

(Соңы 5-бетте)



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

СЫЙЫНАР ЕМ, АНА ДЕГЕН ТӘҢІРГЕ!

Анадан артық аяулы, анадан үл-
кен жанашыр жан жоқ ғаламда. Әр-
бір ақынның жүрегін жарып шыққан
жауһар жырдың әуелі анаға арнала-
тыны, суретші қаламынан туған ең
сұлу туындыдағы ғажайып бейненің
ана екені ешкімге жасырын емес.
Өйткені, әр бала үшін өз анасының
алақаны жұмақтың төрі. Адалдық пен
жанашырлықтың символы болған
аналарымызды қадірлеп, жүзіне қаяу
түсірмеу әрқайсысымыздың перзент-
тік парызымыз. Әрі мұндай құрмет
тек бір күнмен, бір мерекемен шек-
телмеуі керек. Қанша биікке жетсек те,
қандай мәнсапқа ие болсақ та соның
бәрі ананың тілеуінің арқасы екені
дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат.

Алтын қазық

Біздің шаңырағымыздың алтын қазығы, отба-
сымыздың алтын арқауы болған анам Шарипа
Омарбайқызы биыл 85 жасқа келіп отыр. Арнайы
білім алып, үлкен ұстаздардың дәрісін тыңдамаса
да біздің анамыз көргені көп, көңілге тоқығаны
кемел адам. Жарының тіреуі болып, туыстармен
арадағы сыйластықты сақтауда кәнігі елшінің
қызметін атқарған, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор
бола білген анамыздың сөзі дуалы, сыйы жоғары.

Отбасы деген шағын мемлекеттің түтінін түзу
шығып, тыныштықтың бесігіне айналуы көбінесе
әйелге байланысты. Біздің анамыз жанұямызды
жылылыққа, жарасымдылыққа толтырды. Сыртта
жүрген еріне салмақ түсірмей, қонағының бабын
тапты, туысының көңіліне жақты, ұл-қызын өзге-
лер сүйсініп, үлгі ететіндей тәрбиеледі. Анамның
сол кездердегі шыдамдылығына, қайсарлығына
қайран қалатын кезім көп.

(Соңы 3-бетте)



МІНБЕР

Баян ТОҚТАРОВА, ҚР Жоғарғы Сотының судьясы:

«ЕҢ ҮЛКЕН БАҚЫТ - БЕЙБІТ КҮН»

Бүгінгі таңда қоғамның жүгін ер-азаматтармен қатар арқалап жүрген
қыз-келіншектер көп. Әлемді мейірім мен шуаққа толтыратын да аналар, ару-
лар. Қызметіне асқан жауапкершілікпен қарап, кәсіби білік шыңын бағынды-
рып, ел құрметіне бөленіп жүрген де осы абзал жандар. Мереке қарсаңында біз
ҚР Жоғарғы Сотының судьясы Баян Тоқтаровамен жолығып кәсіби маманның
қиындығы мен қызығы қатар өрбіп жатқан қызметі мен жеке өмірі, жалпы қоғам
жайлы әңгімелестік. Жоғарғы Сот судьясының ойлары – жұмыр, тәжірибесінен
айтқан естеліктері – құнды.

Күрделі істерді
қарау бізді ширатты

– Қазақтың философиясы қуаныштың
мәнін барлық кезеңде де айрықша көрсетеді.
Өйткені, өмірдің мұндай сәттері адамның

жүрегіне мейірім, ізгілік ұялатып, өзара
сыйластыққа, ынтымаққа дәнекер болады.
Әсіресе, адамзатқа өмір беретін аналардың
қуануы, өзіне деген риясыз пейілді, ақ ни-
етті сезінуінің орны бөлек. «Жұмақ ананың
аяғының астында» деп бекер айтылмаған.
Аяулы ана, асыл жар, жанашыр жеңге, сыр-

лас абысын, сенімді әріптес болып, бүкіл
елдің көшін сүйреп жүрген әйелдерге құрмет
көрсету, қамқор болу, қабілетіне лайықты
қызмет беру арқылы қоғамдағы көп жараның
емін табамыз. Бұл күндері балалар, келін-
дер, немерелер құттықтайды. Шыны керек,
ешкімнен ештеңе күтпеймін. Ең үлкен бақыт
айналаңның амандығы, ел іргесінің бүтіндігі,
бейбіт күн. Бұл – әрбір ананың тілегі.

Мен судьялыққа 36 жасымда келдім. Су-
дья боламын деген ой үш ұйықтасам түсіме
кірмеген еді. Жалпы, университетті бітір-
геннен кейін мемлекеттік нотариус болдым.
Тоқсаныншы жылдары нотариалдық кеңсе-
лер ашыла бастады ғой. Сонда менімен бірге
университет бітірген қыздар өздерінің жеке

нотариалдық кеңселерін аша бастаған кезде
мен де осы бағытқа түсуге шешім қабылдадым.
Бұл үшін арнайы емтихан тапсыру керек. Сол
кезде жалпы емтихан болды. Оны тапсырған
адам судья да, адвокат та бола алады. Бірге
тапсырғандар осы емтиханды да тапсыруға
кеңес берді. Одан соң курстастар «емтиханың
бар, тәжірибең бар, судьялыққа құжат тапсыр-
саңшы» деді. Шынымды айтсам, жүрексіңдім.
Тек үш жылдан кейін тәуекелге бел буып,
судья болуды шештім. Соңғы 20 жыл бойы
осы қызметтемін. Судьялық өтілім Павло-
дарда, қалалық соттан басталды. Одан соң
жаңадан ашылған экономикалық сотқа ауы-
стым. Ары қарай облыстық сотта азаматтық
істер алқасының судьясы болып, 13 жылдан
кейін Жоғарғы Сотқа келдім. Алғашқы кезде
тараптардан қорқып отырарсың. Кейбірі сот
шешіміне риза болмай қарғап кетеді. Бұл өте
ауыр тиеді. Уақыт өте келе бәріне үйрендім.
Жалпы, білімің болса, құқықтық өлшемдерді
дұрыс қолдансаң қиындығы да жоқ. Тек істі
мұқият қарау керек. Ең бастысы адал ниет пен
жауапкершілік. Судьяның негізгі міндеті заң
бойынша бәрін жүзеге асырсаң болды.

(Соңы 4-бетте)

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨҢГІМЕ

Тұрсын УРАЗОВА,
Батыс Қазақстан облысы азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы:

«АЛҒЫС СУДЬЯНЫ ҚАНАТТАНДЫРАДЫ»



– **Тұрсын Сапашқызы, сот корпусындағы қыз-келіншектердің қатары жылдан жылға көбейіп жатыр. Тіпті, соңғы жылдары аудандық соттардың төрағасы болып тағайындалғандардың басым бөлігі нәзік жандылар екен. Өзіңіз секілді облыстық соттардың алқа төрағасы боп қызмет етіп жүрген қыз-келіншектер де бар. Жалпы, сот саласында қызмет ету қиындық келтірмей ме?**

– Жалпы, бәріне үлкен жауапкершілікпен қарайтын маманға, қай жұмыстың да оңайы жоқ сияқты. Ол мұғалім болсын, дәрігер болсын, мұнайшы болсын, басқа маман болсын, бәрінің өзіне тән қиындығы болады. Ал судья адамдардың тағдырын шешетіндіктен, өзге мамандыққа қарағанда жауаптылықтың зор екені рас. Бұл жерде қиындықтың әйел адамға да, ер адамға да салмағы бірдей. Мамандықты меңгеру, жұмысты талапқа сай атқару судьяның біліктілігіне, жауапкершілігіне байланысты. Қазы болу көп ізденісті қажет етеді. Мысалы, дәрігер дұрыс емдемесе, оның қателігінің салдарын біз таразылаймыз, құрылысшылар дұрыс құрылыс салмаса, оның залалының деңгейін біздер қараймыз, педагогикалық тұрғыдан оқпылықтар орын алса, мұғалім не тәрбиеші баланың тәрбиесінде оғаш жағдайға орын берсе, оның да бағасын беретін судьялар. Біздің қызметтің ерекшелігі осында.

Сот саласына жұмысқа келгеніме 25 жылға жақындап қалды. Судья болудың арқасында әр саланың қыр-сырын меңгеруге мүмкіндік туды. Дегенмен, азаматтық іс қарайтын судьяның қарайтын заңы, таразылайтын саласы қылмыстық іс қарайтын судьяларға қарағанда ауқымдырақ. Мысалы, қылмыстық істерді қарайтын судьялар Қылмыстық кодекстің, Қылмыстық іс жүргізу кодекстің, Қылмыстық атқару кодексінің зерделеумен шектелсе, азаматтық істерді қарайтын судьялардың өндірісіне түсетін істер мазмұны өте кең, соған сай заңдар да әралуан. Заңның бәрін жатқа білу мүмкін емес. Бірақ құқықтық құжаттардан жан-жақты хабардар болуға міндеттіміз. Сондықтан судьяның жұмысы, әрине, ауыр. Ол үлкен жауапкершілікті талап ететін мамандық. Облыстық соттың судьясы өз істеріне жауапкершілікпен қарап, ондағы дауға қатысты мәселені терең оқып, білуі керек болса, ал алқа төрағасы барлық судьялардың істерін біліп, бақылап, кеңес беріп отыруы керек. Сондықтан, жұмысты оңай деп айта алмаймын.

– **Өмірбаяңызды қарап отырсақ мектеп бітіргеннен кейін педагогикалық білім алған екенсіз. Кейіннен тандауыңызды өзгертіп, сот саласына келуіңізге не себеп болды?**

– Біз мектеп бітірген кезде алдын ала еңбек өтілің болмаса заң саласына оқуға түсуге мүмкіндік болған жоқ. Ол уақытта Қазақстанда тек екі жоғары оқу орны болды. Оның екеуінде де алдын ала еңбек өтіліңсіз оқуға қабылдамайтын. Сондықтан заңгер болуды бала жастан армандағанмызбен, оған жету оңай болған жоқ. Сол асыл арманның жетегімен бірінші педагогикалық білім алып, мектепте жұмыс жасадық. 1987 жылы педагогикалық институтты аяқтағаннан кейін, аудандық сотқа сот мәжілісінің хатшысы болып жұмысқа кірдім. 1 жыл жұмыс істеген соң 1992 жылдың жазында Қарағандыға заң факультетіне оқуға түстім. Университеттің 3 курсына келгенде облыстық әділет басқармасына маман болып жұмысқа кірдім. Сол жерден емтихан тапсырып, 1998 жылдың 18 қаңтарында Президент Жарлығымен Орал қалалық сотының судьясы болып тағайындалдым. Яғни, тәжірибе мен білімді ұштастыра жүріп бүгінгі биігіме жеттім. Арманымның орындалып, судьялыққа қадам жасауыма еңбек жолымда кездескен ұстаздарымның үлесі көп болды. Өйткені, заңгерлік мамандықты сырттай оқып жүрген менің білетінім бір тоғыз болса, білмегенім тоқсан тоғыз. Ұстаздарым мендегі жасырынған күш-жігерді, ынтаны көре білді. Әсіресе, Әділет басқармасының екі басшымын жұмыс тәжірибемдегі орны бөлек. Оның бірі – Сергиенко Сергей Викторович. Ол кісі Ресейде судьялық етті, талай шәкірт тәрбиеледі. Бүгінде құрметті еңбек демалысында. Екіншісі, Көптілеуов деген ағамыз. Ол кісі де жастарға қолдау көрсетіп, артына мол мұра қалдырды.

Құрамыс Ишматов пен Сергей Сергиенкомен бірге емтихан тапсырып, осы Орал қалалық сотына келген кезім әлі есімде. Ол кезде бір ғана сот, оның ішінде қылмыстық істерді де, азаматтық істерді де, әкімшілік істерді де бірге қарайтын едік. Ең басында теңіз емес, мұхиттың ішіне түсіп кеткендей болдық, бірақ үлкен ұстаздарымыз бен тәлімгерлеріміздің арқасында үйрендік, үлкен сабақ алдық. Міне сот саласында 25 жылға жуық тәжірибе жинап, енді білгенімізді елге беретін, тәжірибемізді жастарға үйрететін жағдайға жеттік.

– **Судьялық қызмет етіп келе жатқаныңызға жиырма бес жылға жуық уақыт өтіпті. Тәжірибеңізде ерекше есте қалған іс туралы айтып берсеңіз...**

– Ең бірінші жылы сотқа келгенде қалада жалғыз бір сот, он шақты судья, барлық бағытта істерді қарадық. Менің өзіме қылмыстық істі қараған қиынға соқты. Алғаш осы қаламыздағы бір кәсіпорынның меншік құқығын тану туралы талап арызын қарадым. Алайда арызы негізсіз деп танылып, қанағаттан-

дырудан бас тартылды. Сол қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімнің қарар бөлігін жариялап тұрғанда, талап қоюшының өкілі маған басын иді. Мен ол түсінбеген болар деп, сізге қанағаттандырудан бас тартылды деп тағы түсіндірдім. Ол мені түсінгенін, шешімнің әділ екенін және мені алдағысы келгенін айтып, бірақ та менің дұрыс шешім шығарғанымға риза екенін жеткізді. Ал алғыс судьяны қанаттандырады.

– **Алқа төрағасы болған соң сот өндірісіндегі барлық істі таразылап отыратыныңыз түсінікті. Қазір қыз-келіншектер қолымен жасалатын қандай қылмыс жиі кездеседі?**

– Қыз-келіншектердің қолымен жасалатын қылмыстарды білмеймін, ол жағынан хабарым жоқ. Ал арыздарға моральдық тұрғыда қарасак, қазіргі әйелдердің арнамысы азайып кеткендей әсер қалдырады. Жақында бір іс қарадым. Отбасының төрт баласы бар, әкесі соңғы ұлы менікі емес деп сотқа жүгінген. Сараптама нәтижесінде баланың шын мәнінде басқа әкеден екені анықталды. Жауапкер әйел сотта өзін тік ұстап тұрды, одан ұялған, намыстанған бір белгі байқамадым. Осындай мәселелер мені қынжылтады және бұндай жағдайлар азайса екен деп тілеймін.

Сондай-ақ, осы күні көп кездесетін жағдай – әйелдердің балаларын тастап кетуі. Балаға дұрыс қарамайтын, дұрыс тәрбие бермейтін адамдар жиі кездесетін болды. Статистиканы қарасак та, осы күні тастанды балалар өте көп. Неке бұзып, ортақ мүлікті бөлген кезде де, жастар бір-біріне ашу мен кек алу мақсатында ортадағы баланы пайдаланып, жылатып, баланың психологиясына зиян келтіріп жатады. Әйел адамдар өздерінің пайдасын емес, балаларының жүректеріне сызат түспейтін жағын ойласа екен деген ой туындайды.

– **Үш бала тәрбиелеп отырған анасыз. Судья-әйелдер отбасы тірлігіне қалай уақыт табады?**

– Бізге әйел адам деп ешкім жеңілдікпен қарамайды. Сондықтан әйелдердің басты проблемасы бір, үйдің де, үкіметтің де жұмысын қатар алып жүру. Қазір маған айтарлықтай жеңіл, балаларым өсті, олардың өзі маған үлкен қолғабыс беретін жаста. Бірақ қиын уақыттардан мен де өттім. Балабақшадан бала алынбай, талай кешіккен уақыттарымыз да, күнделікті бақылау болмағандықтан балаларымын мектеп үлгерімі төмендеп кеткен кездер де болды. Менің ойымша, әке-шешесі жұмыс жасап, күн сайынғы қарбаласты көріп өскен баланың өзінде жауапкершілік болатын сияқты. Балалар бір-біріне көмектесіп, бір-бірін сүйреп өседі. Ал таңертеңнен кешке дейін баланың қасында отырып, мектепке апарып, қадағалап жүрсе, бала үлкенге сеніп, жалтақтап, өз бетінше шешім қабылдай алмайды деген ойдамын.

– **Сіздің кәсіби қызметіңізге қолдау көрсеткен, бағыт берген ұстаздарыңыз туралы білсек...**

– Жоғарыда атап өткендей маған қолдау білдірген басшыларым С.Сергиенко, Е. Көптілеуов, Қ. Ишматовтарға шәкірттік алғысым шексіз. Ал сот саласына келгенде, судьялық тәжірибиеме көп септігін тигізген Нугманов, Бакиұлы секілді азаматтардан үйренгенім көп. Ал облыстық сотта үлкен үлгі болған, демеу берген Бек Әметұлы еді. Менімен қатар келген судьялардың көбісі жұмыс жасау әдісін Бек Әметұлынан үйрендік. Жұмысына адал болған мықты азамат бәрімізден адалдық пен жауаптылықты талап ететін. Сонысымен де көп ішінен дараланып, осы қасиетімен бізге өнеге көрсетті.

– **Мереке қарсаңында аналар мен айымдарға айтар тілегіңіз...**

– Мереке қарсаңында жалпы әйел затына – денсаулық пен бақыт, балаларының амандығын, жанұяларының береке-бірлігін тілеймін. Өзімнің әріптес сіңлілеріме, апаларыма шыдамдылық пен төзімділік тілеймін. Қандай қатаң заман, қиын кезең болмасын әйел екенімізді ұмытпайық! Өзімізге табиғатпен берілген нәзіктік пен мейірімділік әрқашан бізбен бірге болсын!


– **Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге көп рақмет!**

А.САТЫБАЛДЫ,
«Заң газеті»

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК


«БАТЫР АНА» АТАҒЫ ТАРИХЫНАН...

Жер әлемді ана тербетеді, анадан алған махаббат тұтас адамның өмірін құрайды. Өмірге сәби әкеліп, оны бағып-қағу ерлікпен пара-пар. Сондықтан да дана халқымыз ананы батырға теңеген. Ал ресми түрде «Батыр ана» Құрметті атағы алғаш рет Ұлы Отан соғысы кезінде 1944 жылы берілді.



Ол кездегі «Батыр аналардың» үлкен балалары Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан майдангер еді. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Жүкті әйелдерге, көпбалалы және жалғызбасты аналарға мемлекеттік көмекті ұлғайту, ана мен баланы қорғауды күшейту, «Батыр ана» атағын белгілеу және «Ана даңқы» ордені мен «Ана медалі» медалін беру туралы» Жарлығы 1944 жылы 8 шілдеде қабылданған еді. Заңнамаға сәйкес бес немесе одан да көп бала тәрбиелеген аналарға арналған үкіметтік наградалар берілді. Бес баласы бар әйелдер 2-дәрежелі, алты баласы бар әйелдер 1-дәрежелі «Ана даңқы» медалімен наградталды.

1944 жылғы 8 шілдеде жарияланған Жарлық сол жылы 18 тамызда толықтырылады. Онда 10 бала өмірге әкеліп өсірген әйелдерге «Батыр ана» атағын беру ережесі бекітілді. Кезінде «Мать героиня» деп берілген бұл наградалы қазақша «Батыр ана» немесе «Ардақты ана» деп айтқан. Атақ кенже бала бір жасқа толғаннан кейін берілді, бұл ретте Ұлы Отан соғысы кезінде жауынгер ретінде қаза тапқан немесе хабар-ошарсыз кеткен балалары мен асырап алған балалар саны да ескеріледі. «Батыр ана» орденімен қатар КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының грамотасы қоса табысталды. Одақтас республикалардың басшылары әйелдердің «Ана даңқы» ордендерімен және медальдарымен марапаттады.



Алғаш рет «Батыр ана» атағын беру туралы Жарлық 1944 жылы 27 қазанда шығып, соған сай 14 әйел марапатталды. Кейіннен марапаттау ай сайын өткізіліп, жарлықтар орталық және республикалық газеттердің бірінші беттерінде жарияланып отырды.

1944 жылы 19 қарашада «Ардақты ана» («Мать героиня») атағы 13 әйелге берілді, оның 6-уы Қазақстандағы көпбалалы ана болды. Алматылық Бейсалиева Алия, Қостанай облысынан Семиозерный ауданынан Закирова Жамал, Гурьевтен Исмағамбетова Қадыш, Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданынан Көшбекова Тайфық, Алматы облысының Талғар қаласынан келген Варвара Кулакова және ақтөбелік Ситникова Фиона осы тізімде еді. Алғашқы «Батыр ана» атағын алған әйелдердің көбінің тұңғыштары майданға аттанған жауынгер азаматтар болған.

Бейсалива Алианың екі ұлы қару ұстап, Отанын қорғады. 1916 жылы туылған Жан-Әбіл Бейсалиев Мәскеу мемлекеттік университетінің түлегі, 8-гвардиялық дивизияның батарея командирі болған. Ал 1923 жылы туылған [1919] Әбіл Бейсалиев лейтенант, взвод командирі еді, ол 1942 жылдың күзінде Сталинград үшін шайқаста қаза тапты.

Қазақстандық аналарды марапаттау туралы ақпарат 1944 жылы 9 желтоқсанда «Отанды қорғауда» майдан газетінде де жарияланды. Ленинград майданының қазақстандық жауынгерлері үшін қазақ тілінде жарық көрген бұл газеттің 1942–1944 жылдардағы тігіндісі ҚР Президенті Архивінде сақтаулы. КСРО-да жалпы 1944 жылдан 1991 жылға дейін 430 мыңнан астам кеңестік әйелге «Батыр ана» Құрметті атағы берілді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі мемлекеттік наградалар туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 12 желтоқсандағы заңында: «Алтын алқа» алқасымен он және одан да көп бала туған және тәрбиелеп өсірген аналар наградталады. Ал «Күміс алқа» алқасымен сегіз және тоғыз бала туған және тәрбиелеп өсірген аналар сегізінші баласы бір жасқа жеткен және басқа балалары тірі болған ретте наградталады» делінген. Аналарға деген құрметті көрсететін аталмыш заңдық күші бар Жарлық ҚР Президентінің Архив қорында сақтаулы. Уақыт өте келе бұл талаптар өзгертіліп, заманға сай жеңілдетіле бастады.

2009 жылы 2 желтоқсанда заңға нақты өзгерістер енді. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жеке-леген санаттарын әлеуметтік қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңында «Алтын алқа» иегері атану үшін бұрынғыдай он бала емес, жеті ба-

лалы болуы керек деп ауыстырылды. Ал «Күміс алқалы» ана атану үшін алты баланы тәрбиелеуі тиіс деп өзгертілді. Аналар Мемлекет басшысының Жарлығына сай наградталады, ол жарлықтар да ҚР Президенті Архивінде сақталады.

«Алтын алқалы» аналардың бірі – әкемнің анасы, менің апам Байтөреқызы Хатира. Апамыз өмірге 12 бала әкелген, қанатын кеңге жайған дана аналардың бірі. Оқушы кезімізде ауылға келген мемлекеттік награданы бәріміз жан-жақтан қызығып тамашалағанмыз есімде.

Қазіргі кезде «Алтын алқа» және «Күміс алқа» иегерлерімен қатар бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көпбалалы аналарға ай сайын арнайы мемлекеттік жәрдемақы төленеді. Сондай-ақ, аналар бірқатар салықтар мен мемлекеттік баж төлеуден босатылған. 5 және одан да көп бала туған (асырап алған) және оларды 8 жасқа дейін тәрбиелеген әйелдердің 53 жасқа толғанда зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар.

Ұрпағын тоғыз ай, тоғыз күн толғатып өмірге әкелетін, бар жылуы мен мейірімін беретін, баланы бақытым деп санайтын «Алтын алқалы» аналардың саны жыл сайын өсіп келеді. Бұл біздің аналардың болашаққа деген сенімі мен үмітінің белгісі деп топшыладық.

Дайана ТОҚБЕРГЕНОВА,
ҚР Президенті Архивінің қоғаммен байланыс маманы



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

СЫЙЫНАР ЕМ, АНА ДЕГЕН ТӘҢІРГЕ!

(Соңы. Басы 1-бетте)

Анам қарапайым отбасынан шыққан. Әке-шешесі мал шаруашылығымен айналысқан. Ал жастайынан қой жайған, сиыр сауып, жылқы байлаған отбасының тірлігі қарбалас болатыны кімкімге де белгілі. Таң қылаулап атқаннан тыным таппайтын мұндай отбасының балалары барлық іске төселіп өседі. Ұлдары малдың қыр-сырын біліп, төрт түлікті өсірудің құпиясына қанық болса, қыздары сиыр сауып, құрт-май жасаудың, қымызды баптап, ұлттық тағамдар дайындаудың ұстасына айналады. Мұндай отбасылардың шаңырағынан қонақ үзілмейтіні белгілі. Елмен араласып, көптің сөзін тыңдағандықтан болар, балалардың қонақжай, епті, пысық, жомарт қана емес, сонымен бірге, тарихтан мол хабары бар, ел мәдениетін жан-жақты меңгеріп, адамдармен қарым-қатынасқа шебер болатыны тағы түсінікті. Жастайынан осындай жақсы үлгіні көріп, көңіліне тоқып өскен анамыз түскен жеріне бақ боп кірді, құт боп дарыды.

Баталы сөз – балаға азық

Түркістан өңірінен шыққан анам біздің әулетке келін болып түскенде небары 16 жаста екен. Бірақ анасынан үйренгені көп аруға жат жерге сіңісу аса қиындық келтірмеді. Таңнан тұрып, үлкендердің қабағына қарап, бабын жасаған жас келіншекті ауыл халқы да жатсынған жоқ. Барлығы жақын тартты, жақсы ісін жария етіп, білмегенін үйретті. Ал біздің анамыз келін



болып түскен сәттен бастап зағип енесінің күтімін жасады, қас-қабағына қарап, мінсіз қызмет етті. Оның қандай ауыртпалығы барын науқас жанды баққандар жақсы түсінеді. Анамыз көзі көрмейтін әжемнің бар жағдайын жасап, жас баладай қарады. Жанары жоқ адамға жарқыраған нұрлы көз бола білді. Қолы қалт еткенде әжемнің жанына отыра қалып әңгімесін айтып, біздерге кітап оқып беруді қатаң тапсыратын. Сондағы бар ойы көзі көрмейтін адам әлемді көңілімен сезіп, біліп отырсын, қараңғылықта, жалғыздықта қалып қоймасын деген ізгі тілеу екен ғой. Осындай қамқорлықты сезінген әжеміз өмірінің соңына дейін келініне риза болып, ақ батасын беруден жаңылмады. «Баталы ел арымас» дегендей, біздің

көгеріп, көктеп, өсіп, өніп отырғанымыз да осы анамыздың алған алғысының өтеуі болса керек.

Ерге жаққан әйел еліне де жағады

Біздің әкеміз ерте кетті. Құдай қосқан қосағынан 58 жасында айырылған анамызға шиееттей алты баланы аяғынан тік тұрғыз оңай болған жоқ. Екі адам атқаратын міндет пен парыз жалғыз өзінің мойнына түссе де анамыз қиындыққа мойымады. Ішкі уайымын, қайғысын ешкімге көрсетпеді. Азаматынан айырылған анамыз өзінің ұстамдылығымен, биік парасатымен айналасына өзін

сыйлата білді. «Әкелеріңнің атына кір келтірмеңдер!» дегенді анамыз күнде құлағымызға құйып, санамызға сіңіріп отыратын. Соның өзі құдай қосқан қосағына деген шексіз сезімін көрсетсе керек.

Ата-ана – балаға айна. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген тәмсілді бабаларымыз сол себепті айтқан. Ұлдың ұлықты, қыздың қылықты болуы ата-ананың көрсеткен өнегесіне, берген тәлім-тәрбиесіне тікелей байланысты. Әжеміз бен әкеміз дастарқан басына келмей, ықылас жасамай ас ішілмейтін біздің шаңырағымыздың өзіндік тәртібі қазір барлық бауырымның шаңырағында жалғасқан. Себебі, дәл осындай үйлесімділікті көріп өскен біздің теріс жүруіміз, шеңберден шығуымыз әсте мүмкін емес еді.

Бізді ата-анамыз «Балаңды аясаң, аяма!» деген ұста-

өз тәжірибемізден көріп, біліп отырмыз. Еркелік естінің өзін есіртеді. Егер сол кезде анамыз шектен шыққанымызда тыйып, қажет тұсында дем беріп, қолдап отырмаса біздің бүгінгідей биікке жетуіміз неғайбыл еді.

«Еріне жаққан әйел, еліне де жағады» деген рас сөз. Менің анам ерінің жолын кеспеді, жолдасынан бұрын сөз айтпады. Әулетке келін болған сәттен азаматының абыройына қылаудай көлеңке түсірмеуді басты міндеті санады. Ата-енесін өзінің ата-анасындай ардақтап, ағайын-туысқа деген ізетімен жолдасының беделін көтерді. Анамыздың даналығына, көргенділігіне сенген соң әкеміз де өмір бойы бала тәрбиесіне алаңдаған жоқ.

Ата-ана – баланың басты бағбаны

Балаларын дені сау, жақсы азамат етіп өсіру әр ата-ананың арманы. Олар отбасында он бала болса да, солардың әрқайсысы үшін шыбын жаны шырқырап, отқа түсуге дайын тұрады. Менің анам да осындай жандар қатарынан. Біреуіміз ауыра қалсақ, жазылғанымызша жаны қоса



ныммен тәрбиеледі. Жақсы қасиеттің, ізгі амалдың тек еңбекпен, ізденумен келетінін үйретті. «Балам бөлеге ұшырап қалмасын», «Балам қиналмаса екен» деп шектен тыс өбектей беру – үлкен қателіктің бастауы. Мұны қазір үлкен өмірге араласқан соң

қиналады. Кейде хабарласпай кетсек, есі шығып күні-түні уайымға беріледі. Онысын бізге білдіргісі келмегенімен, сөйлескен сәтте сезіліп қалатын. Үйдің кенжесі болған соң ба, өз басым апама ерекше жақын өстім. Әр отбасындағы кенже балалар сияқты

үлкендердің бар ықылас пейілі маған арналды. Әсіресе, анамды өзіме меншіктеп алдым. Ол да мені айрықша мейірімі мен жан-шуағына бөледі. Кішкентай демей әр сөзіммен санасты. Кез келген жағдайда қолдап, жаңа бастамама тілекші болып отырды. Менің әрбір қызмет еткен жерімде жаңа жобалар жасап, айналамды өзгерткім кеп тұратын әдетім жастайымнан анамның қолдауын көріп өскендіктен болар.

Анамның өзін қадірлейтін ерекше қасиетінің бірі еш-уақытта бетімізді қайтарып, қатты кейіген емес. Бізді әрбір сөзінде бірлік пен татулыққа үндеп отыратын. Ол кісінің айтқанын екі етпей, бір-бірімізді сыйлау, қадірлеу біздің бойымызға бала күннен сіңген тәрбие. Осыған өзін іштей шүкірлік етіп, анама ризашылығымды білдіремін.

Аналар тек жақсыға лайық

Анам әкеме адал жар ғана емес, сонымен бірге сенімді серік те бола білді. Әкем де, шешем де бізді үнемі қолдап отырды. Олардың әрбір сөзі жігерімді жанып, алға ұмтылдыратын. Жеке шаруамызға, отбасылық өмірімізге араласпай, әрқайсысымыздың шаңырағымызда бақ-береке, тыныштық болғанын қалады.

Белгілі жазушы Габриэль Гарсиа Маркес «Нәзіктік атаулының жиынтығы – ананың алақаны, сондықтан да ол – сәби үшін ең жылы ұя» деген екен. Ананың алақанын сағынғандықтан болар, біз үнемі ауылға баруға, қара шаңыраққа жетуге асығамыз. Өйткені, ол біздің балалық шағымыздың бесігі, анамыз отырған құтты мекен.

Бүгінде 85-ке келген анамыздың айналайын дегенін естіп, аялы алақанының табын сезіну біз үшін үлкен бақыт. Аллаң осы бақытты ұзағынан етсе, анамыз жанымызда ұзағырақ жүрсе екен деп тілейміз.

Нұржан ҚАРАБАЕВ,
Алатау аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ



ЛЕБІЗ



Шолпан МАЛИКОВА,
Қызылорда облыстық сотының судьясы

Мемлекеттік қызметтегі қыз-келіншектер үлесі 58 пайыз

Бүгінгі күні мемлекеттік қызметке қыз-келіншектер көптеп тартылған. Статистикалық мәліметтер бойынша олардың мемлекеттік қызметтегі үлесі біршама артқан. Бүгінгі таңда облысымыздағы судьялардың 29-ын әйелдер құрап отыр.

Сырт көз – судьяның міндеті істі қарап, шешім қабылдау ғана деп ойлауы мүмкін. Алайда сот саласының жұрт біле бермейтін қыр-сыры өте көп. Бұл жердегі атқаратын жұмыс ер не әйел адамға арналған деп бөлінбейді. Сондықтан қандайда бір азаматтық не қылмыстық іс болсын әйел судьялар ер адамдармен иық тіресе қызмет атқарады. Кей жағдайларда аса ауыр қылмыстар немесе отбасылық жанжалдан туындаған істерді қараған кезде жүрекке ауыр тиетіні бар. Себебі, тараптар іс бітісімен өз жөндерімен тараса, ал біз онда қалған күйзеліс, негативті жанымызға жақын қабылдап жатамыз. Әйел жаны нәзік жаратылғандықтан, барлығын жүрекке тұмшалап, шешім қабылдау қиын болса да әділдік үшін түрлі сынмен бетпе-бет келіп жатамыз. Осындай ауыр жұмысты арқаласақта, әйел болмысымыздан танбай отбасының тіршілігіне де үлгеруге тырысамыз. Сондықтан сот жүйесінде болсын, басқа салада болсын еңбек еткен әйел құрметтің төрінде болуы керек деп санаймын.

Осындай жауапкершілігі мол қызметті бір кісідей атқарып жүрген сот саласындағы апа-сіңлілеріміздің қызметтеріне абырой, жеке өмірлеріне бақыт тілей отырып, әр әйел өз үйінің еркесіне айналсын, әр шаңырақтан бала күлкісі кетпесін дегім келеді.



Айжан МОЛБАЕВА,
Маңғыстау облыстық сотының судьясы

Шаңырақтың шаттығы

Қазақ халқы қашанда «Би бол! Би болмасаң – би түсетін үй бол!» деп би-қазыларды ерекше құрметтеген. Себебі, тарихта алтын әріптермен аты жазылған билер қоғамдағы түрлі дауды бір ауыз сөзімен түйіндеп, жер, жесір, мал дауларын шешіп, бүкіл ел арасын араздықтан сақтаған.

Бүгінгі судья – билердің жалғасы десек қателеспейміз. Басына іс түскен адамдар ғана сотқа соңғы үмітін арқалап жүгінеді. Сондықтан, сот төрелігінің әділдігі мен ашықтығын қамтамасыз етіп, мемлекеттің атынан шешім шығаратын судьялардың жауапкершілігі өте жоғары. Мемлекеттің алдындағы мұндай жауапкершілікті сезіне отырып, әділдіктің тең таразысы бола білу кез келген судья үшін оңай емес.

«Тұра биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», демекші, сотқа жүгінген тараптардың сеніміне селкеу түсірмей, алдымызға келген әр істі саралап, ақ пен қараны ажырата білу барлық судьяға жүктелетін сын. Ал, енді қоғамның көзқарасы да судьяның шығарған шешіміне қарай қалыптасатыны сөзсіз. Әйелдер бүгінде барлық салада жемісті еңбек етіп, мемлекетіміздің дамуына өз үлесін қосуда. Оның ішінде, Маңғыстау облысының өзінде 36 әйел судья абыройлы қызмет етуде. Осы орайда, еліміздің сот жүйесінің дамуына нәзік жандылардың қосқан үлесі зор дер едім.

Қоғам ер болсын, әйел болсын сотты құрметтеуі қажет деген ойдамын. Себебі, судья болу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Өздеріңізге белгілі, бұл лауазымға жетуі үшін әрбір үміткер бірнеше күрделі сыннан сүрінбей өтуі қажет. Ал, ұжымда қызмет пен үйдің сәнін қатар үйлестіріп отырған әйел судьяларға деген құрмет басым. Өз басым көпшілік ортада судья екенімді білдіргенді жөн санамаймын. Тіпті, ата-ана ретінде немеремнің жиналысына өзін қатысып, мемлекеттік органдардың қызметінде көпшілікпен қатар кезекке тұрамын.

Барлық ардақты аналарды, аяулы аруларды 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Әйелдер үшін әрбір күн мереке болуы тиіс. Себебі, ана – тіршіліктің бастауы, шаңырақтың шаттығы, отбасының ұйытқысы. Дананы да, батырды да, ғалымды да өмірге әкелетін аналарға құрметіміз шексіз.

Барша нәзік жандыларға баянды бақ, берекелі ғұмыр, шаттық пен қуаныш тілеймін! Әрбір атқан таңдарыңыз махаббат, қамқорлық пен қуанышқа толы болсын!



Сайран МӘМИҚЫЗЫ,
Астана қалалық сотының судьясы

Қыздың қырық жаны бар

Ер азамат ұрпақты тәрбиелесе, әйел адам ұлтты тәрбиелейді. Сондықтан да қазақ халқы қыз баланың тәрбиесіне ерекше қараған. «Қыздың қабағында наз бар» деп көңіліне қаяу түсірмеуге, жанын жараламауға тырысқан.

Ұятты қыздың текті ұрпақ өсіретініне сенген. Әйгілі саясаткер Уинстон Черчилльдің «Ұлтты жою үшін соғыс ашудың қажеті жоқ, ұлт әйелі жолынан тайса болғаны, ұлттың өзі-ақ құриды» деген тағылымды сөзі бар. Дәл осы сөзді қыз бала өсіріп отырған әрбір отбасы жадынан шығармауы керек. Өйткені, біз қыздың тәрбиесіне өз баламыздың тәрбиесі деп қарамай, ұлттың болашағы, ұрпақтың ертеңі деп қарап, кең пішіні, терең ойлауға тиіспіз.

Ал қазақ қыздарының мықты екенін, шыдамды болатынын, намысты жоғары қоятынын дәлелдеудің өзі артық. Сонау Тұмар патша, Бопай ханым, Домалақ аналарды айтпағанда, бүгінгі айымдардың арқалап жүрген жүгі де ер-азаматтардан бір мысқал кем дей алмаймыз. Осы аналар еліміздің басына сын сағат туғанда қолына қару да ұстады, мал да бақты, егін де екті. Тәуелсіздік алған кездегі екіұдай сәтте ала дорбасын арқалап ұлтты сақтап қалған да осы аналар. «Әйелдің қырық жаны бар» деген сөздің шындығы осында. Ендеше, сондай нәзік жандылардың жолын жалғаған бүгінгі айымдардың арамында судьялық қызмет пен отбасылық міндетін қатар атқарып жүрген әріптестерім баршылық. Өз ісіне тиянақты, аса жауапты жұмысты мінсіз атқарып отырған судья-әйелдердің сот саласының дамуына, құқықтық мемлекет қалыптастыруға қосып отырған үлесі өлшеусіз. «Тұра биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген тәмсілді биік ұстап, әділ шешім, талассыз үкімімен халықтың алғысына бөленген судья-әйелдердің барлығы – бір-бір үйдің алтын қазығы.

Барша аналарды 8 Наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Нәзік жандылардың әр күні мейрам, әр сәті сый мен құрметке толы болсын! Тәуелсіз еліміздің тұғырын ерлермен бірдей көтеріп келе жатқан арулардың еңбегі бағаланып, отбасында бақытқа бөлене берсін!

Баян ТОҚТАРОВА, ҚР Жоғарғы Сотының судьясы:

«ЕҢ ҮЛКЕН БАҚЫТ – БЕЙБЫТ КҮН»



(Соңы. Басы 1-бетте)

Біз алғаш жұмыс бастаған кезде қазіргідей мамандандырылған соттар болмады. Аздап осында қиналатынбыз. Қазір соттар азаматтық, қылмыстық, тергеу соты болып бөлінеді. Әкімшілік әділеттің өз судьялары бар. Жиырма жыл бұрын осының бәрін бір судья атқарып, бүкіл істерді қарай беретін. Таңертең келесің де әкімшілік, одан соң некеге қатысты дауларды, сағат 11-де айдауыл келіп, қылмыстық істі қарайсың. Түстен кейін азаматтық істермен айналысып, сағат 5-те колонияға кетесің. Қазір бұлардың бәрі дербес мамандандырылған сотқа айналып, судьялар белгілі бір бағыт бойынша ғана іс қарайтын болды. Бұл судьялардың әр түрлі мәселеге алаңдамай, тиісті саланы терең зерделеп, істі барынша сапалы жүргізуіне мүмкіндік ашты. Әртүрлі бағыттағы істерді қарау бізді ширатты. Қазір 30 жылдық өтілі бар судьялардың барлық істі қарай беретін мүмкіндігі бар.

Адамдар заңды білмеген соң үлкен қиындықтарға тап болады

– Қазір неше түрлі дау туындайды ғой. Кей адамдардың ниеті дұрыс емес, кейбірінің құқықтық сауаты әлсіз. Соның салдарынан түрлі қиын жағдайға тап болып жатады. Күрделі істер көп. Бәрін заң бойынша шешеміз. Жеңілген тараптар әрине наразылық білдіріп жатады. Әсіресе, банктерден алынатын қарыздар бойынша дауларды қарау моральдық-психологиялық тұрғыда өте ауыр. Әрине, басындағы жалғыз баспанасынан қарызын өтеу үшін айырылу кімге оңай тисін. Жаңа айтып кеткендей жылап-сықтау, қарғау осындай кезде басталады. Кейбірі өзіне қол салып жатады. Ажырасып жататын отбасылар да бар. Ал, заңның өз шеңбері бар. Судьялар осы борышкерлермен бетпе-бет қалады. Олармен тіпті бірге мұңайып, бірге қайғырады десе де болады. Бірақ көмек көрсетуге дәрмені жоқ. Осы жағдай қоғамдық мәселеге айналған соң үкімет банктерге қатысты талаптарды қатаңдатып, қарызға батқан азаматтар үшін бірқатар жеңілдіктер жасады. Бұл судьялар үшін де қолайлы болды. Заңдарға жасалған өзгерістер негізінде банктер де енді төленбеген қарызға тек алты айдан соң ғана сыйақыны қосады. Айыппұл қарыздың он пайызынан аспайды. Бұл белгілі деңгейде борышкерлер

ді, көбіне төменгі сатылардың шешімдері өзгертілмей бекітіле салады деп ойлайды. Жеңілген тараптар бұлай дегенде басқа не айтады? Қараймыз, зерттейміз. Алдағы уақытта бұл жұмыс одан әрі дамытылмақ. Бірақ қазірдің өзінде Жоғарғы Сот судьялары істі толыққанды қарамайды деп айтуға болмайды. Бұл тіпті мүмкін емес. Өйткені, әр шешімге қолымызды қойып, оның жауапкершілігін арқалаймыз.

Заңдар табиғаты эмоциялық сезімге байланысты емес

Көпшілік арасында көптеген заңдар табиғаты эмоциялық сезімге байланысты деген пікір бар. Бірақ мен онымен келіспеймін. Заңдар табиғаты эмоциялық сезімге байланысты емес. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты істерді қылмыстық іс судьялары қарайды. Бірақ азамат ретінде бұл проблеманы білемін. Бүгінде бұл мәселеге орай елімізде көптеген шаралар қабылданып жатыр. Мемлекет басшысы соңғы жолдауында тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша заң талаптарын күшейту керек деді. Мұны мен толығымен қолдаймын. Жалпы, менің ойымша, қылмыскер тиісті жазасын алу керек. Өкінішке қарай, көбіне оларға кешірім жасалады. Мысалы, әкелері шешелерін ұрған соң балалары шырылдап, полиция шақырады. Бірақ ертеңіне таяқ жеген әйел «Ол менен кешірім сұрады, кешіре салайын» деп өзі күйеуін жазадан арашаалап алып қалады. Содан соң проблема тереңдей береді. Сондықтан тәртіп болу керек. Бұл жерде ешқандай эмоцияның қажеті жоқ. Сот тек жазаны жұмсарту жағдайы бойынша ғана шешім қабылдасын. Ешқашан жауапкершіліктен кетпесін. Қазір барлығы эмоциямен шешіледі. Бұлай істеуге болмайды.

Гендерлік теңдікте сот саласы алдыңғы орында

– Қазір тиісті заң бойынша билік бұтақтарында әйелдер саны отыз пайыздан кем болмау керектігі бекітілді ғой. Біздің сот саласына мұндай талап қажет емес дегуге болады. Өйткені, бізде судьялардың 50 пайызы әйелдер. Гендерлік теңдік бойынша сот саласы алдыңғы қатарда тұр. Жұмысы қандай қиын болса да әйелдер судья болуға ынталы. Менің ойымша бұл қуанарлық жағдай. Себебі, әйелдер барынша ізгі ниетті, сезімтал. Бірақ аудандық соттар тарағалары ішінде әйелдер болғанымен, облыстық сот тарағалары бырыңғай ер-азаматтар. Бұл тұрғыда да қысым жоқ деп ойлаймын. Әйелдердің өзі осы қызметтің жауапкершілігін мойындарына алғысы келмейді. Судьялықта істі сапалы қарау үшін ең бастысы, жаңа айтып кеткенімдей, жүктеме шектен тыс көп болмау керек. Екіншісі, тараптар өкілдерінің дайындық деңгейінің төмен болмауы да маңызды. Қазір оларға қатысты бірқатар оң шешімдер бар. Мысалы, бұрын сіздің біліміңіз жоқ болса да сізге мен сенім хат беріп, өкіл ете алатын едім. Тек жоғарғы біліміңіз болса, жеткілікті. Қазір өкіл болу үшін адвокат немесе заң палатасына тіркеліп, соның кеңесшісі болуыңыз керек. Сосын өкіл қанша отырыс өтсе де судья секілді қатысуға дайын болуы тиіс. Барлық дәлелдерді жинақтап, оларды дұрыс ұсына білуің керек. Бірақ көбісі бұл талаптарды орындамайды. Сосын сот отырысын кейінге қалдыруды сұрайды. Жоғарғы Соттың өзінде солай. Амал жоқ оған түсіндіруге тура келеді. «Сен мемлекеттік бажды төлеген жоқсың. Бұл іс бойынша баж көлемі осындай болу керек. Хатыңды қо-

сымша жібер» деп кеңес береміз. Өкіл кәсіби маман, осы қызмет үшін ақша алады. Неге мен оған түсіндіруім керек? Өкінішке қарай, осылай етуге мәжбүрміз. Бұл әрине, сот өндірісіне белгілі деңгейде кері әсер етеді.

Білікті қазылар жетіспейді

Сот төрелігінің сапасын көтеру судьяның біліктілігіне, тәжірибесіне байланысты. Өкінішке қарай, бізде қазір осындай судьялар жетіспейді. Мысалы, жергілікті аудандық соттарда он пайызға дейін бос орындар бар. Солар қанша уақыттан бері толмай келеді. Талай рет конкурс жарияланса да келіп жатқан ешкім жоқ. Мұның басты себебі – судьялыққа үміткерлерге қойылатын талаптардың тәжірибеге сай келмеуі. Судья болам деген адам үш жыл жұмыс істеу керек. Содан кейін барып, емтихан тапсырады. Сосын полиграфтан өтеді. Тағлымдамада бір жыл жүреді. Бұл үшін негізгі жұмысынан босатылып, ол орын сақталады, үкімет үміткерге судьяның жарты жалақысын төлейді. Бұдан өткеннен кейін облыстық соттарда жалпы отырыстың оң қорытындысын алу керек. Содан кейін барып, конкурсқа жіберіледі. Егер төрт жыл ішінде судья болып үлгермесе осының бәріннен қайта өтеді. Егер үміткер заң саласында жұмыс істеп жатса, оның жағымды мінездемесі болса, мұның қажеті не? Бұл қаржының құр босқа далаға кетуі ғой. Қайта байқауға қатысып, тағылымдамадан өту жасанды кедергі. Ал, енді бұған керісінше облыстық сотқа өзінің біліктілігін дәлелдемей, заң саласында істемей келіп жатқандар бар. Оларға жағдайлар жасалып отыр. Неге бірінші сатыға барам дегендерге осындай жеңілдік жасамасқа. Олар ақылды, тәжірибелі адамдар. Бірақ бір беті қайтса, екінші рет бармайды. Қолды бір сілтейді де басқа салаға кетіп қалады. Сондықтан сот корпусын жаңғыртып, сапалы мамандармен қамтамасыз еткіміз келсе, бірінші саты судьялығына үміткерлерге талаптар жеңілдетілуі керек.

Мақсат жолында табандымын

Отыз жыл істесең де білетінінен білмейтін нәрселерің көп. Өйткені, әртүрлі жағдай болады. Қазір тіпті, ұлтымыздың менталитетіне жат небір әрекеттер көрініс беріп жатыр. Әке баласымен соттасады. Немерелері әжелерін үйден шығарып тастайтын оқиғалар болуда. Меншік иесімен келісімге келу өте қиын. Осы секілді қиын жағдайларда, әсіресе, бірінші сатыда істеген кездерде процесті тоқтатып қойып, әріптестермен ақылдасамыз. Нені оқу керек, нені басшылыққа алу керек екенін бірге талқылап шешетін кездер болады. Мұнсыз болмайды. Судьялыққа, оның ішінде Жоғарғы Соттың судьясының лауазымына әркім келмейді. Бұл жолда ерік-күштің үлкен рөлі бар. Өзіңді тәртіпке келтіре алмасаң, өзіңді жеңе алмасаң кетесің. Сондықтан көп нәрседен бас тартуға, рухани тұрғыда дамуға, денсаулығыңды күтуге уақыт арнап, қарым-қатынастарда көп нәрседен шектелуге тура келеді. Ұлтқа қызмет көрсету білімнен емес, мінезден деп Алаш көсемі Әлихан Байменов айтқандай, мінез болу керек адамда. Жалпы, мен ерке бала болдым. Айтқаным орындалатын. Бес жасымда мектепке бардым. Әке-шешем бұл талабымды тұсамады. Соның арқасы болар кез келген мәселеде батылмын, тәуелсізбін. Мақсатымның жолында табандымын.

Дайындаған
Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

Елдегі сот жүйесі – әділдіктің айнасы. Сондықтан сот төрелігін іске асыратын судьялар корпусы қызмет бабында және одан тыс уақытта жалпыға бірдей әдеп нормаларын қатаң сақтауға міндетті. Осы тұрғыдан 2016 жылы 21 қарашадағы ҚР судьяларының ІІІ съезінде Судьялық әдеп кодексі қабылданды. Аталған кодекс Конституция мен «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заңына негізделі отырып жасалынған.

ӘДІЛДІК АЙНАСЫ

Он бес баптан тұратын кодексте Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті ережелерінің, БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарымен мақұлданған сот органдары тәуелсіздігінің негізгі қағидалары, судьялардың тәуелсіздігі, объективтілігі, теңдігі, адалдығы мен сатылмайтындығы, құзыреттілігі мен ұқыптылығы және әдеп нормаларын сақтау, үстемдікті құқық пен демократияның, ал сот билігінің тәуелсіздігін әділ сот талқылауына деген құқықтың базалық элементі, сонымен қатар жұмыс істеп жүрген судьялар мен отставкадағы судьялар үшін жүріс-тұрыстың әдеп қағидалары белгіленген.

Осы кодекстің елімізде ғана емес, Венециядағы «Құқық арқылы демократия үшін» Еуропалық комиссия тарапынан да оң баға алғанын айта кеткен жөн.

Судья әдебі – бүкіл судьялар қауымдастығының жұмысына қатысты судья әріптестерден бастап, қарапайым азаматтармен, түрлі топтармен қызмет бабында және одан тыс уақытта қатынасқа түскендегі өзін-өзі ұстауы мен шектеулері.

Кодекстің 4-бабында көрсетілгендей судьяның соттан тыс жердегі жүріп-тұруы, оның процеске қатысушылармен өзара қарым-қатынасы соттың тәуелсіздігі туралы қоғамның сенімділігін сақтауға ықпал етуге тиіс. Судья нақты сот ісі бойынша іске қатысушы адамдармен, олардың өкілдерімен, прокурормен, адвокатпен, өзге де мүдделі адамдармен процестік және өзге де заңнамада көзделмеген кез келген қарым-қатынас деп түсінілетін процестік емес байланыстарды, егер осы іс-әрекеттер судьяның объективтілігіне және бейтараптылығына негізделген күмәннің туындауына алып келуі мүмкін болса, болдырмауға тиіс. Осы ретте Қазақстанның сот жүйесінің ерекшелігіне сай судьялар өндірістегі немесе аяқталған істер бойынша және басқа да мән-жайларға байланысты азаматтар мен заңды тұлға өкілдерін жеке қабылдау жүргізуіне құқығы жоқ екендігін ескерген жөн.

Осы кодексте белгіленген жүріс-тұрыс қағидаларын атқарып отырған қызметіне қарамастан Қазақстанның барлық судьялары, сондай-ақ отставкадағы судьялар орындауға тиіс. Судьялық әдепке байланысты қандай да бір мәселелер осы кодекспен реттелмеген жағдайларда, судья жалпы қабылданған мораль мен адамгершілік қағидаларын, сондай-ақ, сот төрелігін іске асыру мен судьялардың жүріс-тұрыс саласындағы халықаралық стандарттарды ұстануға тиіс. Судья судьялар қауымдастық органына жүріс-тұрысының мүмкін моделінің судьялардың нақты жағдайдағы жүріс-тұрысының әдеп қағидаларына сәйкестігі туралы сұрау салып, жүгінуге құқылы. Судьялар қауымдастығының мұндай сауалды қарау нәтижелері жөніндегі жауабы ұсынымдық мәнде болады.

Жалпы алғанда, Судья әдебі кодексі судьялар корпусының қазіргі құрамын кәсіби және адами-әдеп жағынан нығайтудың құралы. Әділ соты бар ел – дамыған ел. Сондықтан сот жүйесіне деген сенім басты орында тұруы тиіс.

Салтанат УМАРСЕРИКОВА,
Қызылорда облысы
мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотының судьясы



(Соқы. Басы 1-бетте)

Мұндай шектеулердің бәрін тізіп жалғастыра беруге болады...

Сондықтан, өзге адамның сыртынан тон пішпес бұрын, оның жүрген жолын зерттеген, көңіл түкпіріне үңілген дұрыс болар. Мендегі жетістіктің бәрі Алланың қалауымен, еңбекпен келді. Жаратқанның берері мол, оған шүкір-шілік етуіміз керек.

— **Сізді тіл жанашыры ретінде білеміз. Мемлекеттік тілдің қолданысы қайтсек кеңейеді?**

— Алла Тағала терең ойды, озық білімді, шешен тілді бекер бермеген шығар. Бұның барлығын маған халықтың мүддесіне пайдалану үшін бұйыртқаны анық. Біздің тіл өлген күні ұлт та, мемлекет те өледі. Тілінен ажырап жоғалудың алдында тұрған елдер көп. Олардың қателігін қайталамау үшін біз елдігімізді, тәуелсіздігімізді сақтауымыз керек. Ол үшін ең бірінші тілімізді сақтауымыз керек. Қазақ елінде қазақ тілі бірінші тұратынын әлем түсінгені абзал. Елімізде төрелік етіп жүрген судьялардың тең жартысы қазақ тілін білмейді. Ол ащы болса да шындық. Бұлай жалғаса беруге болмайды. Біз мемлекеттік саяси лауазымдағы адамдармыз, біз биліктің бір тармағымыз. Ал сол мемлекетің тілін білмей, қалай оның арын сақтаймыз, болашағын ойлаймыз, деп айта аламыз! Тілін қадірлемей тұрып халықтан жиналған қаржыдан қалай айлық аласың? Осыны ойлап ұйқытай алмаймын. Сондықтан қазақ тілі үшін мен барымды саламын. Мүмкін сол үшін жаралған шығармын.

— **Жұмыста қандайсыз?**

— Иә, жұмыста өте талапшылмын. Тәртіп пен талап болмаса, ешқандай жұмыс алға жүрмейді. Мен қызметтестерімнің арасында ең жасымын. Алқа төрағасы болғанымға қарамастан өзімнен жасы үлкен әріптестерден талап ету қиындау. Ол біздің менталитетімізге де байланысты. Бірақ, өгіз де өлмейтіндей, арба да сынбайтындай жолын табуға тырысамын. Бұл менің жақсы қасиетімнің бірі деп ойлаймын.

— **Қазіргі балалардың ойы ұшқыр, қиялы жүйрік. Олардың тілін табу, көңілінен шығу, айтқаныңды қабылдату да оңай емес шығар?**

— Балаларыма қаталмын, бірақ мейірімді анамын. Мұның барлығы талапшылдықтан туындайды ғой. Менің әлеуметтік желідегі парақшамды қарасаңыз былай деп жазылып тұр: «Жолдасым екеуміздің мақсатымыз — қазақтың саналы ұрпағын өрбіту». Бұл біздің өміріміздегі ең бірінші парыз, міндетіміз. Баланың білім алуына бар мүмкіндікті жасау, бар махаббатты беру керек. Бірақ солай екен деп баланы дандайсытпау да керек. Мен балаларыма сендер ең саналысыңдар, сендер тек Жарас пен Гүлажардың ғана баласы емес, сендер қазақтың баласысыңдар деген сөзді құлақтарына күнде құйып отырамын. Жүрген жерде өздеріңді «пап, мынау кім сөйлеп жатқан!» деп мойнын бұрып, «мынау қазақтың баласы ғой» деп сүйсінетіндей деңгейге жетіндер! «Қазақтар осындай халық екен ғой!» деп таңдай қағатындай әрекет жасандар деп айтамын.

«Бала жатырдан тәрбиеленеді», — деген сөздің жаны бар. Өзім балаларымның барлығын жатырымынан бастап тәрбиелеймін, сөйлесемін, сол кезден бастап балаларым тек қана адамның емес, бүкіл қазақ халқының баласы деп ойлай беремін. Сондықтан да шығар, Аллаға шүкір, балаларым саналы, қойылған талапты сақтайды, жауапкершілік бар екенін біледі. Кейде бірдене бүлдіріп алса, оны бірден жаңадан алып бере қоймаймын. Әсіресе, қымбат нәрселер болса, бала өз ісінің жауаптылығын ғана емес, қымбат затқа қол жеткізудің оңай еместігін де жүрегімен сезінсе деймін. Осылайша бала өмірде бәрі дайын деген түсініктен ада болуды үйренеді. Сондай-ақ, ұлдарыма қыздардың, қыздарыма ер балалардың жұмысын жасатамын. Мысалы, ұлдарым үй жинауға көмектессе, қыздарым әкелерімен еріп, қала шетіндегі қоймаға барып, құрылыс жүрісін бақылап келеді. Себебі, бұл өмірде мәңгі ештеңе жоқ, барлығына жан-жақты дайын, еңбек ете білуі керек деп ойлаймын.

— **Ене мен келіннің қарым-қатынасы да әрқашан үйлесім таба бермейді. Сізде қалай болды?**

— Мен ауылда енемнің қолында 7 жыл тұрдым. Енемен тұру, үлкен кісінің көңілінен шығу, әрине, оңай емес. Барлық қиындықты басымнан өткіздім. Қазір енем бұл өмірде болмаса да, ол кісіге алғыс айтқым келеді. Себебі, менің үш баламды қарасып, жұмыстан шаршап келгенімде, «ұйықтап ал» деп немерелерін бауырына алып жататын. Қазір жастар заманауи психологияны тыңдап алады да «Мен енемен тұра алмаймын» дейді. Сол жас келіндерге айтарым, «Өмір — бумеранг» барлығының қайтарымы бар, соны ұмытпаңыздар. Күйеуіңді жақсы көріп, оны дүниеге әкеліп, бағып-қаққан анасын жек көру мүмкін бе? Анасымен тұрғың келмесе, онда сен баласымен де тұрма. Ұлың сені сыйласын, келінің қадірлесін десең, өзін де отағасын сыйлап, оның анасына қызмет етуің, қадір тұтыу керек. Ене деген сенің махаббатыңның, сенің жан-жарыңның шешесі.

Мен енемді өмір бойы «Мама» деп өттім. Біз бөлек шыққан кезде, енем менімен жылап қоштасқан. Өйткені, бір шаңырақтың астында тұрғанда енемен ешқашан сөзге келіп, көңілімізге тиетін әрекет жасап көрмедік. Енем анамнан кем болмады. Мен де табалдырықты аттаған сәттен енемді анам деймін, осы үйге адам боламын дедім. Анам ауырғанда басымды сүйеді, ба-

Гүлажар БАҚЫТЖАНОВА, Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы:

«БІЛІМДІ ӘЙЕЛ ӨМІРДІ ӨЗГЕРТЕДІ»

лаларымды бақты, сондықтан менің ол кісіге деген алғысым шексіз. Әрине, мені келін ретінде қайрады. Егер мен ол қайрақтан өтпесем, қазір Гүлажар болар ма едім.

— **Барлық ер адамдар әйелдің энергиясы үйден басқа жерге кеткенін ұнатпайды. Сіздің күйеуіңіз қызу жұмысыңызға қалай қарайды?**

— Менің күйеуім қайта мен оны жұмсаған сайын менде энергия көбейетінін біледі (күлді). Жоқ, күйеуім энергиямды қызғанбайды. Керісінше, жұмыстан шаршап келсем балаларға: «Мамаларың шаршап келді, демалсын» деп қолдау білдіріп жатады. Баламен үйде отырған сәттерде: «Сен үйге сыймай кеттің, жұмысқа шық», — деп өзі ұсы-

ны басқа координатор жүзеге асырып жатыр.

Ал, екінші жобам — телеарнадағы «Татуласу: сотқа дейін, сотта» деген бағдарламам. Бұл бағдарламаның жүзеге асып келе жатқанына биыл бесінші жыл. Пандемия кезінде де, аяғым ауыр болып, баламды босана-йын деп отырған кезде де бағдарлама жүргізуді тоқтатқан жоқпын. Өзім автор, өзім режиссер болып, барлық сұрақтарды дайындап алып барып, хабарды түсіремін. Жалпы, біздің қоғам құқықтық нигилизмге толы ғой. Оны мойындау керек. Біз неге әлі құқықтық мемлекет құра алмай жатырмыз? Себебі, адамның сана-сезімі өте төмен. Ал сана-сезімді ояту үшін бізге қаржылық және құқықтық сауаттылық керек. Те-

бар дегендей. Кейде жұмыстан кейін судьялар барып волейбол ойнаймыз. Бірақ көбіне бассейнге тұрақты түрде барамын. Біздің қазақ әйелдерінің басым көпшілігі күйбең тірліктен шыға алмай, көбінесе жүгіруге басымдық береді. «Қозғалыс — бұл өмір, өмір — бұл қозғалыс». Сондықтан бір орында тұрып қалмау керек. Спорт әйелдің мүсінін қалыпты ұстауға, келбетіне қарауға көп көмектеседі. Сондықтан, спортқа уақыт табу керек.

— **Тұлғаның ауқымы арманының ауқымымен анықталады. Сіздің ең үлкен арманыңыз не?**

— Ең үлкен арманым — еліме қызмет ету, артымнан жақсы мұра қалса екен деймін. Өзім еңбек етіп жүрген салаға шын жаны аштың, соған орай талай игі бастамаларға мұрындық болып жүрген азаматша ретінде көпшіліктің есінде қалғым келеді, халықтың көңілінен шықсам деймін. Тіпті, әйелдердің ішінен шыққан ең алғашқы жоғарғы сот төрағасы болармын. МҮМКІН!? Халқыма пайдасы тиетін жаңа белестерге қол жеткізсем деймін. Менің мақсатым — тек қана күн өтті, күн батты деп өмір сүру емес. Артыма із қалдыру, сонымен жақсы сөз ілестіру, болашаққа ізгі амал жасау парызым. Ол үшін әрине еңбектену, халыққа қызмет ету керек, Ахмет Байтұрсынұв, Міржақып Дулатов, Димаш атамыз, Жұмабек Ташенов, біздің Маңғыстаудан шыққан Жалау Мыңбаев, Шахмардан Есенов қандай мықты адамдар? Солардың ізін жалғай алсам, елдің есінде сақталсам арманым жоқ. Мен тек қана өмір сүргім келмейді, бір күнім болса да мәнді болса екен деймін. Себебі, мәнсіз өткен күннің қажеті жоқ. Бұл дүниеде бәріміз мәңгі емеспіз. Бала-шағаның қызығын көру, ұзақ жасау — ол кәдімгі қарапайым армандар ғой. Ал мемлекет маған не береді деп емес, мен еліме не беремін деген мақсатпен тынымсыз еңбек ету басты мүдде болуға тиіс.

— **Сіз энергиясы мықты, шаршамайтын жансыз. Мұндай қарқынмен өмір сүру, өзіңе ілесетін адам табу да жеңіл емес шығар. Сіз қалай демаласыз? Күшті қайдан аласыз?**

— Жылына екі рет шетелге шығып тұрамын. Уақытымды үйлестіріп, жұмысымды реттеп демалсымды өнімді өткізуге тырысамын. Алты баланың анасы, күміс алқа иегері ретінде еңбек демалысымды екіге бөліп алуға басшылар рұқсат береді. Соны пайдаланып

жылына екі рет отбасыммен еңбек демалысына шығып келемін. Ел көргенді, саяхаттағанды жақсы көремін. Энергияны қыдырудан, жаңа дүниелерді көргеннен, теңізбен сырласып, тауға шыққаннан аламын. Сенбі, демалыс күндерімді бос өткізгім келмейді. Кішкентай қыздарымды алып, бала көп жерге барғанды ұнататын. Себебі, ол жерде таза энергия жиналған. Өзімнен өзім болғанды жақсы көремін. Кейде жалғыз өзім киноға барамын.

— **Сіз өте жақсы спикер және мотиваторсыз. Осы сұхбатты оқып отырған әйелдерге қандай мотивация берер едіңіз?**

— Жалпы, Алла Тағала әр адамды жаратқанда әртүрлі қасиет береді. Сен жерге жазылған кітап болып түседі екенсің. Мен балаларыма солай қараймын, оларды еркіндік бергенмін. Сол сияқты бұл жол да — менің таңдаған өз жолым. Өзгелерден ерекшелігім, мен ізденіп, кітап оқығанды, сөйлегенді жақсы көремін, білетініммен бөліскенді қалаймын.

Жас келіндер телефоннан батыстың психологиясы туралы дәрістерді тыңдап алады да, енемен бірге тұрмау керек, өмір бір рет беріледі, жалғыз өмір сүру керек деп ұрандайды. Жоқ, тоқтаңыздар! Адамда әдет-ғұрып, салт-дәстүрмен үндестік болуы керек. Сіз әлеуметтік желіні оқығанша, күніне бір бет кітап оқыңыз. Әр әйел іштегі дінгегін бекітіп, өзін дамытып, күніне бір рет кітап оқып, таңертең ерте тұрып, Алла тағалаға осы таңды атырғанына рақмет айтуы тиіс. Ең бірінші айтатыным, жарың мықты, балалары биікке жету үшін әйел адам білімді болуы керек. Білетін затыңды сыбырлап балаңа айтсаң, балаң сенің ертеңгі жемісің. Қаржыны, білімді балаға салу керек. Өзің жете алмаған арманыңа, балаң жетеді. Біз білімді ел болғанда ғана мықты ел боламыз. Оны білімді қылатын кім — ана. Ананың тілі, ананың сүті деген бар қазақта. Ана қай тілде сөйлейді, бала сол тілде сөйлейді. «Ананың сүтімен енген», «Ананың жатырынан» деген сөзді де қазақ біліп айтып кеткен ғой. Сондықтан, әйел адамдарға айтатыным, білімді болайық. 30-40-та да білімді болуға болады, университетке түсуге болады. Қорықпау керек. Қазір мүмкіндік көп. Ұлттың негізін қалайтын — бізбіз. Ер адам қалай десе де, біз білімді болуымыз керек. Тағы да қайталап айтамын, жұмыс жасап кетпей-ақ қойыңыз, бірақ ішкі біліміңіз түзу болсын. Жақсы сауатты жаза біліңіз, сауатты сөйлей біліңіз. Балаңыздың сабағын қарағанда, балаңызбен сұхбаттасқанда қазақтың тарихынан мысқалдай хабарыңыз болсын. Міне, білім содан басталады. Мысалы, Сингапурда жоғары білімі жоқ аналарға екі баладан артық тууға рұқсат бермейді екен. Ал, Сингапур қандай дамыған ел.

Менің тағы бір арманым ауылдарды аралап, әйелдерді жинап, осындай әңгімелерді айту. Әйел білімді болса, әйел мәдениетті болса, әйел сыпайы болса ер адам ешқайда кетпейді. Әрине, әйел әждаха еркектің айтқанына көнсін демеймін, бірақ шыдамды болуы керек. Сен әдемі майысып, әңгіменді дұрыс айтып, отағасына сыпайы мінезінді көрсетіп отырсаң, барлығы жақсы болады. Әлеуметтік желідегі батыстық психологияны көп оқымай, өзіңіздің ішкі дүниеніңізге үңіліп, кітапханаларға барып, кітап оқындаршы дегім келеді.

Мен өзім кішкентай кезімнен көп кітап оқыдым. Себебі, анам кітапқа құмар болды, әкемің де қолынан кітап түспейтін. Үйде кітап көп тұратын. Қазір де мен сол ұстанымды ұстанып, үйімде кітап сөресін орнаттым. Білімді әйел өмірді өзгертеді. Ал, біз дәрекі, білімсіз, мәдениетсіз болсақ, айналамыз да дәл сондай болады. 90 пайыз тәрбие — білімнен. Сауатсыздық бізді қазір құртып жатыр. Елімің жарқын болашағына сенімім нық, себебі елді қайран қалдырған қазақ қыздары — біздер бармыз.

— **Гүлажар ханым, сұхбатқа келісіп, сыр бөліскеніңізге үлкен рақмет! Армандарыңызға, мақсаттарыңызға қол жеткізе беріңіз!**

Динара ҚҰЙҚАБАЕВА

КӨЗҚАРАС

Сот билігі мемлекет атынан жүзеге асырылады. Сондықтан, азаматтар сотты құрметтеуге және процесс барысында тәртіп сақтауға міндетті. Нақты айтқанда, олар соттың шақыртуына келуі, сот отырысында судья өкімдеріне бағынуы, т.б. тиісті заңдарда белгіленген қағидаларды бұзбауы тиіс. Сотқа келе алмайтын болса, оның дәлелді себебін көрсетіп, алдын ала хабарлауы керек.

Сотқа кез келген әрекет немесе әрекетсіздігімен құрметсіздік танытқандар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте (ӘҚБтК) көзделген тәртіппен жауапкершілікке тартылады. Мысалы, ӘҚБтК-тің 653-бабымен ескерту жасау, сондай-ақ, жиырма айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде айыппұл салу немесе бес тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алу жауапкершіліктері қарастырылған. Әкімшілік жаза қолданылған азамат бір жыл ішінде сол әрекетін қайталап

ӨЗГЕГЕ ЖАСАҒАН ІЗЕТІҢ - ӨЗІҢЕ ЖАСАҒАН ҚҰРМЕТІҢ

жасаса, айыппұл мөлшері отыз АЕК-қа, ал, қамау мерзімі он тәулікке дейін көбейеді.

Сот отырысында тәртіп бұзушының әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болса, ол адам қылмыстық жауапкершілік арқалайды. Бұл тұрғыдағы жауапкершілік Қылмыстық кодекстің 410-бабымен белгіленген. Мысалы, Конституциялық Сот судьясы мен соттарды, алқабыларды құрметтегендер екі жүз АЕК-қа дейін айыппұл салуға, осы мөлшерде түзеу жұмыстарына немесе екі жүз сағатқа дейін мәжбүрлеу жұмыстарға тартуға, елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

Ал, соттың талабы мен сұрау салуын орындамаған, әкімшілік іске қатысушы процеске келе алмайтын уақытылы хабарламаған, бұған қоса кері қайтарып алуды уақытында бермеген, сонымен қатар, төрағалық етушінің өкіміне бағынбаған жағдайда 20 АЕК мөлшеріндегі ақшалай өндіріп алу қолданылатыны Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің (ӘРПК) 127-бабы

ның 4-бөлігімен нақтыланған. ӘРПК-нің талабына орай, сот пен судьяны құрметтегендерге де 20 АЕК ақшалай өндіріп алу шарасы көріледі.

Сотты құрметтегендерді жауапқа тарту тәртібі Азаматтық процесістік кодекстің (АПК) 120-бабымен жан-жақты айқындалған. Яғни, процеске қатысушылар тарапынан сотты құрметтемеу фактісі анықталған кезде кінәлі адамға әкімшілік жаза қолданылады. Егер сот отырысында тәртіп бұзушы қылмыстық құқық бұзушылыққа барса, оның бұл әрекеті қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады. Осы ретте айтып өтерлігі, заңға қарсы жасалған әрекет пен әрекетсіздік үшін мәжбүрлеу шарасының да, жауапкершіліктің де бір ғана түрі қолданылады.

АПК-нің 188-бабы бойынша айтсақ, істі талқылау кезінде тәртіп бұзған адамға алдымен ескерту жасалады. Егер ол ескертуге құлақ аспай, әрекетін қайталаса, сот ұйғарымымен сот талқылауының барлық кезеңінде немесе оның бір бөлігінде сот отырысы залынан шығарылуы

мүмкін. Сот отырысына қайта кіргізілген кезде олар өздері болмаған уақытта зерттелген мән-жайлар бойынша түсініктеме беруге және іске қатысушыларға сұрақ қоюға құқылы. Сот талқылауы барысында оған қатысушылар (АПК) пай тәртіп бұзған жағдайда сот іске қатысы жоқ адамдарды залдан шығарып, істі жабық отырыста қарайды немесе талқылауды кейінге қалдыра алады. Бірақ, бұл туралы ұйғарым шығарып, оны сот отырысының хаттамасына енгізуі қажет.

Халқымыз «Өзгеге жасаған ізетің — өзіңе жасаған құрметің» деген сөзді бекер айтпаған. Олай дейтініміз, дамыған мемлекетте өмір сүргісі келетін әрбір азамат өзінің құқықтық білім-білігі мен мәдениетін жетілдіруге міндетті. Сол себепті, әрбір басқан қадамымыз бен жасаған іс-әрекетімізге немқұрайдылық танытпайық!

ШЫНАР Бидахметова,
Панфилов аудандық сотының судьясы
ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ

«Өмірі – өнеге» адамдардың қатарында Арықова Нағима ЫДЫРЫСҚЫЗЫ да бар. Ол Қазақстандағы әйелдер қозғалысын ұйымдастырушылардың бірі. Алматы қаласында дүниеге келіп, сонда қайтыс болған. Бүкіл саналы ғұмырын халқының ағартушылық жолына арнаған қайраткер есімін халқы ешқашан ұмытпақ емес.

ҚАЙРАТКЕР АРУ - АЛҒАШҚЫ СОТ ТӨРАҒАСЫ



Нағима Ыдырысқызы 1918 жылы Ташкентте педагогикалық курсты бітіріп, Семей (1923) мен Мәскеуде (1932) білімін жетілдірген. Алматы мен Семей мектептерінде мұғалім (1919-22), РК(б)П Семей губерниялық комитетінің жұсаушысы, Қарқаралы уездік комитетінің әйелдер бөлімінің меңгерушісі болған. Мемлекеттегі қайраткерлік қызметімен қатар Нағиманың журналистік, жазушылық, ағартушылық қызметі де қарапайым халыққа сансыз көмегін тигізді. Жылағанды жұбатты, сүрінгенді демеді, білмекке, көрмекке ұмтылған жастың жігер отын үрледі. 1925-28 жылдары РК(б)П Қазақ өлкелік комитеті әйелдер бөлімінің меңгерушісі (1925-28), РКФСР Жоғарғы Соты Қазақ бөлімшесінің төрайымы (1929-30), БК(б)П Батыс Қазақстан обкомының мәдениет және насихат бөлімінің меңгерушісі, «Сталин жолы» («Қазақстан әйелдері») журналының редакторы (1932-37), Қазақ КСР әлеуметтік қамсыздандыру халкомы (1937-38) қызметтерін атқарды. Кейін Қазақтың мемлекеттік баспасында редактор, редакция меңгерушісі қызметтерін атқарды. Осындай беделді лауазымдық жұмыстарды атқара жүріп, Арықова қазақ әйелдерінің теңдігін қорғап, олардың сауатын ашу, мәдениетке баулу ісіне елеулі үлес қосты. Нағима Ыдырысқызы «Өкіл әйелдер не істеу керек?» (Қызылорда, 1927), «Қазақстанда еңбекші әйелдер азаттығы» (Қызылорда, 1930), т.б. кітаптарының авторы.

Қайсар қыз бойындағы отын, жалынын қазақ әйелінің көңіліне үміт ұялатуға, білім шырағын жағуға, теңдік әнін шырқатуға жұмсады. Және Нағимадай мәдени күрескерлердің арқасында ұйқыдағы қоғам оянды, қазақ даласына оқудың, білімнің, теңдік пен азаттықтың қажет екенін сезінген азаматтар мен азаматшалар, жастар қатары көбейді. Халық жаппай сауаттанып, өзінің, қала берді алдыңғы ұрпағының сауатты, оқыған тоқыған қоғамда өмір сүруін армандады. Сол көкжиекке жетуге асықты және ат салысты.

«Күндіктен теңдікке»

Бұл жалынды ұран да Нағима Ыдырысқызының аузынан шықты. Және ол сөз жалған жалауша көтеру деңгейінде қалған жоқ. Нағимадай қайраткер қыздар қазақ қызының азаттығы, қазақ әйелінің теңдігі, сауаттануы мен білім өрісін кеңейтуі жолындағы үлкен күресіне, қайраткерлік әрекеттеріне ұласты. Осындай елеулі еңбек, тынымсыз күрес, ағартушылық әрекеттердің арқасында қазақ әйелі өсті, өркендеді, көңіл көкжиегін кеңейтті.

Журналист Латифа Ахметова өзінің «Нағима Арықова» деген мақаласында ол туралы мынадай дерек келтіреді: «Әйел теңдігі» журналының әр

бетін ашқан сайын Нағима Арықованың есімін де жиі кездестіреміз. 1926 жылы Мәскеуге Шығыс әйелдері арасында жұмыс істеушілердің кеңесіне Қазақстан өлкелік партия комитетінің жұмысшы-шаруа әйелдер бөлімінің меңгерушісі Арықова барған еді. Ол Қазақстан әйелдерінің арасында жүргізіп отырған жұмыстың тәжірибесін, әдісін айтты.

Нағима Ыдырысқызы көбінесе әйелдердің азат болғанын, оларға әлеумет қызметіне ерік берілгенін айтып, оқу-өнерге шақырды. Партия саясатын уағыздады. «Біздерде мұғалім әйелдер жоқ, дәрігер де аз сияқты. Әлеуметтік қоғам мүшесі әйелдерден кеңес шақырылмақ. Қызылордада 50 әйелдің кілем тоқитын артелі ашылды. Әйелдерді басшылыққа ала отырып, Қазақстан жеті жылға болашаққа жол сызды» – деп жазды ол. Арықова көбінесе журналдың «Партия тіршілігі», «Өкіл әйелдер журналына қалай өткіздік?», «Жалпы бөлім» деген айдармен берілетін бөлімге тұрақты түрде жазып тұрды. «Алты жылдағы әйел теңдігі», «Өкіл әйелдер науқаны», «Күндіктен – теңдікке», «Әйелдер арасындағы жұмыстың жайы және келешектегі міндеттер», «Қазақстанда әйелдер арасындағы жұмыс» тағы басқа мақалаларында оның өзіндік көзқарас ұстанымы жақсы аңғарылып тұрады. Нағима Арықова шаруашылық науқандарына орай көптеген пікірлер айтты, әлеуметтік маңызды мәселелер көтерді.

Жоғарғы Сот төрағасы болған алғашқы әйел

Нағима Арықова осындай сан мыңдаған бастамашыл, көшбасшылық қабілетінің арқасында 1927–1932 жылдары Қазақстан өлкелік партия комитетінің, Бүкілодақтық Орталық Атқару комитетінің мүшесі болды. 1920–1931 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы сотының төрағасы болып істеді. Мұнда да әйелдер мен балалардың өміріне байланысты көптеген мәселелерді дұрыс шешіп, әйелдер мүддесін қорғады. Арықова «Өкіл әйелдер не істеуі керек» деген кітап жазған еді. Ол кітап «Қазақстан мемлекеттік баспасынан» шыққан болатын. Кітаптың мұқабасында әйелдер қозғалысы туралы 12 кітаптың тізімі басылған. Кітаптың сыртқы көрінісі өте әдемі, анадайдан көз тартарлық. Әсіресе, қазақ әйелдерінің нақышына келтіре жасаған ою-үлгілері. Әйелдер туралы жазылған кітап екенін айтпай-ақ білуге болады. «Өкіл әйелдер не істеу керек?» деген кітапта қысқаша әртүрлі тақырыптарды қамтитын 12 бөлімнен тұрады. Олар:

- Өкіл әйелдер жиналысының құрылысы;
- Өкіл әйелдер – үлгілі әйелдер;
- Жиналыстарға қалмай барып тұр;
- Тапсырған жұмысты атқар;
- Сауатсыздығын жой;
- Газет-журнал таратуға көмектес;
- Газет-журналға тілші бол;
- Кеңес сайлауларына аралас;
- Қосшы ұйымына аралас;
- Сот жұмысын үйрен;
- Денсаулық сақтауды біл;
- Өзінді-өзің сына.

Бұл кітаптар сол кездегі қалың бұқараға нәр, руханы азық, күрескерлікке, батырлыққа, білімге қайрау болды. Замана жүгін тарата талдап, қарапайым оқырманның ой санасына жеткізе жазу Нағимадай санаулылардың ғана қолынан келді.

Әрі Нағима Ыдырысқызының әр жазбасы шала сауатты әйелдерге үлкен жәрдем болды. Өйткені, кітаптағы он екі бөлімдегі тақырыптардың бәрі де қоғам құрылысына нағыз керекті мәселелер еді. Бұл кітап сондықтан әйелдерге ғана арналып қоймай, кеңес жұмысындағы азаматтарға да септі-

гін тигізді. Сондай-ақ, «Өкіл әйелдер не істеу керек» деген кітаптың бір құндылығы оның екінші бетінде сол кездегі әйелдер қозғалысына қатысты, қазақ тіліндегі кітаптар қалмай тізіліп басылған. «Өкіл әйелдер не істеу керек» кітапшасын қолға алысымен, артта қалған қазақ қыздары азаматтарға сеніп отыра бермей, бауырларына, сіңлілеріне үлгі көрсетіп, жаңа қоғамды нығайтуға атсалысты. Белгілі қоғам қайраткері Нағима Арықованың үгіт-насихат жұмыстарын ұйымдастыруының айтарлықтай маңызы болды. Көптеген жерде сауатсыздыққа қарсы күресті. Ол туралы Семей губерниялық «Қазақ тілі» газетінің 1925 жылы 24 наурыздағы санында Жолымбетұлының «Әйелдер арасындағы іс» деген Қарқаралыдан жазған мақаласын мысалға келтіруге болады. Наурыз айының басында Нағима Арықова келіп, әйелдер бөлімін ашқан. Содан сәуір айынан бастап, әйелдер бөлімі сауатсыздықты жою мақсатымен көп жұмыс істеген, екі жарым айдың ішінде курсты 13 әйел бітірген. Бұл курстан кейін әйелдердің тілектері бойынша қайтадан бес оқу курсы ашылыпты. Оқушылардың саны 15 болған. Әйелдер жалғыз оқумен ғана шектелмей, әдебиет жұмыстарына да қатысады. Әндер, сауық кештері, декламация айтуды үйренеді. Әйелдер бөлімінің қасынан Қызыл отау бұрышы ашылып, онда газет, журнал, кітаптар оқып, білімдерін көтерген. Қабырға газеті шығарылған. Әйелдерге арналған асхана ашылған. Сонымен қатар, қырға үгіт-насихат жүргізуге әйелдер арасында ысылған тәжірибелі қызметкерлердің жоқтығы, қаражаттың жетпеуі сыналады.

Өлшеусіз еңбек

Сауатсыздықты жоймай, оқу-ағарту жұмысын өз дәрежесіне көтермей, елдің экономикасының, мәдениетінің өсіп-өркендеуі қиын еді. «Кеңес үкіметінің міндеті, жауапты жұмыстарының ішінде маңызы жағынан үшінші орын алған халық ағарту жұмысы Қазақстан сияқты жүз адамына 10 сауатты адам табылмайтын елде оқу-ағарту бірінші орын алатын жұмыс деу де жөн сияқты», – деп жазды «Еңбекші қазақ». 1926 жылы 25-30 қарашада өткен БК(б)П Қазақстан өлкелік партия комитетінің II пленумы әйелдер арасындағы мәдени-ағарту жұмыстарының негізгі міндеттерін белгіледі, арнайы қаулы қабылдады. Ондағы негізгі міндеттер қалың бұқараға білім беру, ағарту, төрт жылдық мектептер ашу, жеңіл мектептерді көбейту шаралары еді. Бұл үшін, әсіресе, Қазақстанда мұғалім, фелдшер дайындау ең маңызды мәселе деп қаралды. Ол үшін ауылдағы төрт жылдық мектептерді көбейтумен қатар көшпелі мектеп, мерзімді мектеп, жаздық мектептер ашу жағдайлары қарастырылды. Әйелдер үшін – сауатсыздықты жоятын мектептер, көшпелі, шала көшпелі ауылдарда, қыстақтарда балалар үшін – бастауыш мектептер ашу ұйғарылды. Ауылдағы жалшы балаларын интернатпен, оқу құралымен қамтамасыз ету көзделеді. Мұның бәрін орындауға керекті қаржы жағы да ескерілді, «Шын бостандық бұл ғана емес, оған жету үшін оқы, көзінді аш, әлеумет жұмысына аралас»,–деп түйеді Нағима Арықова. Иә, әйелдер өз тағдырына өздері қожалық ететін болды. Олар шаруашылыққа ғана емес, мемлекет жұмысына араласа бастады. Әзірбайжан Жейран Бейрамова, түрікмен Эне Кулиева, қырғыз Түрчин Бечелова, қазақ Нағима Арықовалар ең алғашқы белсенді көшбасшылар қатарынан еді. «Әйел азаттығы» деген бір ауыз сөзбен ғана мәселе шешіле салмайды. Бұл мәселе әйелдердің еңбегін, екінші – тұрмысын жөндеумен басқатас нәрсе. Үшінші – әйелдердің мәдениетін көтеру. Шынында әйел үй шаруашылығында ғана жетік емес, әйелдің мал шаруашылығына да, диқаншылыққа да, қолөнер кәсібіне де қатысы мол. Бірақ мұның бәрі жөнді ескерілмей келеді», – дейді Нағима Арықова «Еңбекші қазақ» газетінде 1928 жылы. Ол – «Қазақстан мерекесі және қазақ әйелдері», «Ер жүректі испан әйелдері фашизмге қарсы күрес майданында», «Клара Цеткин», т.б. күрделі мақалалардың және «Өкіл әйелдер не істеу керек?», «Қазақстанда еңбекші әйелдер азаттығы», тағы бірнеше кітаптардың авторы. Н.Арықова сондай-ақ, бірнеше кітаптар аударған. Нағима Арықова жүректен шыққан шебер сөздерімен, өткір қаламымен майдандағы ерлікті, өндірістігі табысты жазып, елдегі ерлерді жігерлендіріп, жеңіске өз үлесін қосты. Ардагер қоғам қайраткері, журналист Нағима Арықова 1956 жылы дүние салды.

Өзі кетсе де қазақтың есінде аяулы қызының есімі мәңгіге қалды. Тарихшын күрескерін елге сіңірген өлшеусіз еңбегі мен соғы нәтижелі өтеуіне қарап өзі ақ анықтайды. Ендеше, бұл тізім мен қазақтың қайраткер, ағартушы қыздарының алдыңғы сапында Нағима Ыдырысқызы тұрады.

Жадыра ҚҰДАЙБЕРГЕН

Жанат ОСПАНОВА,
Қызылорда облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы:



«СҮЙІКТІ ІСТІҢ ҚИЫНДЫҒЫ СЕЗІЛМЕЙДІ»

«Жаңа қадам бастау қиын»

Кез келген бастаманың өз қиындықтары болатыны белгілі. Әкімшілік әділет жүйесі елімізде жаңадан енгізілген институт болғандықтан, оның жаңашылдықтарын қолдануда сұрақтар туындағаны рас. Бастапқыда жаңа қағидаттарды түсінуде, оларды қолдануда қателіктер орын алып жатты. Оған бұрынғы жүйеге қатысты санада қатып қалған көзқарастың да кедергілері болды. Әлі де болса сот практикасын қалыптастыруға қатысты мәселелер бар.

Дегенмен, жаңа жүйе соттарға істі тыңғылықты қарауға, әділ шешім қабылдауға көп мүмкіндік берді. Судьяны талап-арыз қыспағынан шығармайтын шектеулер бұл жүйеде жоқ. Белсенділіктің белгіленуі соттарға жаңа серпін берді. Сондықтан да билік органының емес, жеке адамдардың пайдасына шығарылған шешімдердің саны көбейіп отыр. Бұл жүйе осындай жаңашылдықтарымен құнды. Сот процесінен қуанып шыққандарды көру, олардың шынайы алғыстарын есту судья үшін үлкен мәртебе, небір марапаттардан артық. Осындай мезеттер барлық қиындықтарды ұмыттырып жібереді. Жасырмаймын, бастапқыда «біз қайда келдік, бұрынғыша іс қарағанымыз жеңілірек еді» деген судьяларымыз болды. Енді қазір жаңаша іс жүргізудің артықшылықтарын сезінгеннен кейін осы салада жүргендеріне қуанатынын, мақтан тұтатынын байқаймын.

«Отбасым қолдау көрсетпесе мұндай дәрежеге жетпес едім»

Судьяның жұмысы сырт қарағанда оп-оңай болып көрінуі мүмкін. Сот жұмысын сынаушылар да көп. Бірақ біреудің тағдырын шешу, шиелініскен дауды тарқату оңай іс емес. Үнемі ой үстінде жүресің. Түнімен көз ілмей, ертеңгі қарайтын істерді ойлап, заңды ақтарған кездер де жиі болады. Кейде демалыс күндері де қағаздан бас алмай, көңілің жұмыста болады. Сондай кездерде саған түсіністікпен, сабырлылықпен қарап, қолдап отыратын отбасың болған қандай жақсы. Аллаға шүкір, жолдасым, балаларым түсіністікпен қарап, көмектесіп отырады. Егер олар қолдау көрсетпесе, мұндай дәрежеге жетпес те едім.

«Жұмыста – судья, үйде – анамын»

Көп балалы анамын. Демалыс күндерін отбасыммен өткізуге, жақындарымның барлық жағдайын жасауға тырысамын. Әйел болған соң үй ішінің күнделікті жұмысы, балалардың тәрбиесі мойныңда ғой. Күндіз жұмыста судьямын, кешке үйде анамын, жармын.

Алайда уақыттың тығыздығынан балаларымның мектептегі жиналыстарына, балабақшада жүрген уақыттарында мерекелік ертеңгіліктеріне бара алмай қалған кездерім көп болды. Қуанышты сәттерінде қастарында бола алмаған кездерім де болды. Үлкен балаларым қазір ер жетті. Олардың балалық сәттерін бөлісе алмағаным, кейде өкінемін. Соның есесін алу үшін қазір кішкентайыма көп көңіл бөлуге тырысып жүрмін.

Ж. ҚҰДАЙБЕРГЕН



Егемендік алғаннан кейін қазақ тілі қоғам өмірінің барлық сааларында кеңінен қолданыла бастады. Бір қуантарлығы, ана тіліміздің басқарма ордаларында, педагогикалық, ақпараттық-технологиялық, ғылыми-техникалық салаларда белсенді түрде қолданылуы.

ҒАСЫРЛАР КУӘСІ

Бүгінде тілімізді дамытуға аса үлкен назар аударылып отыр. Тіл саласындағы көптеген сұрақтарға талдау жасай отырып, бұл реформаларға аса үлкен дайындық жасалған. Латын әліпбиіне көшудің ерекшелігі, жаһандану заманындағы интеллектуалды ортаға бейімделудің басты негізі болып отыр.

Қазақ тілінің дамуы жолында бүгінде ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Мемлекет бұл бастамаларға өзіндік қолдау білдіріп, бірқатар жобалар да іске асырылып жатыр. Осыған орай, елімізде қазақша мектептер саны көбейіп, халықаралық деңгейде де ана тіліміздің беделі артып келе жатқаны қуантарлық көрсеткіш. Сонымен қатар, қазақ тілі жыл өткен сайын саяси трибуналарда сапалы жаңғырып, сот залдарында да жиі естіле бастады. Мемлекеттік тілдегі талап арыздар саны артып келеді. Мұның барлығы, тіліміздің даму жолындағы атқарылып жатқан жұмыстардың жемісі десек қателеспейміз. Тіліміздің цифрлық кеңістікте де қарқынды дамып келе жатқандығы осының бір айғағы. Отандық танымал тұлғалардың арқасында тілімізге деген басқа мемлекеттерден үлкен қызығушылық байқалады. Бұл бастамалардың барлығы, тіліміздің мәртебесін одан әрі арттырып, болашаққа үлкен сеніммен қарауға жетелейді.

Айдана ӘБДУӘЛИЕВА,
Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты кеңесшінің бас маманы – сот мәжілісінің хатшысы

Ата Заңымызда көрсетілген Қазақстандағы азаматтар тең құқылы. Оларды жынысына, жасына, ұлтына, тегіне, тіліне, дініне қарай алалауға, шектеуге жол берілмейді. Сонымен бірге, азаматтардың тұрмыс жағдайына, әлеуметтік ахуалына, денсаулығына байланысты кемсітіп, ар-намысына тиюге ешкімнің құқығы жоқ. Мемлекет арнайы заңдар арқылы азаматтың ар-намысын, қадір-қасиетін қорғайды. Соның ішінде Азаматтық кодекске сай ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлік беделді құқықтық тұрғыдан қорғау тетігі қарастырылған.



АЗАМАТТАРДЫ КЕМСІТУГЕ ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Соңғы жылдары ар-намысыма тиді, іскерлік беделіме нұқсан келтірді деп, моральдық, материалдық зиянды өтеуді талап етушілер қатары өскен. Әсіресе, әлеуметтік желі қолданушылар белсенділігінің артуы мұндай дау-дамайлардың жиілеуіне ықпал етіп отырғаны талассыз. Құқықтық мемлекетте Азаматтық кодекстің 143-бабын басшылыққа ала отырып, халықтың қадір-қасиетін кемсітіп, беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді сот тәртібімен теріске шығаруға толық құқығы бар. Дегенмен, мұндай талаппен жүгінген кезде мына жағдайларды назарда ұстау шарт.

Алдымен азаматтардың және ұйымдардың (заңды тұлғалардың) ар-намысына және абыройына кір келтіретін мәліметтерді таратуда қандай жағдайлар танылады? Осыны біліп алған абзал. Дұрысында баспа жүзінде жарияланған, радио, теледидардан, қызметтік, партиялық және басқа да мінездемелерде, арыздарда, әртүрлі ұйымдарға жолданған хаттарда көрсетілген, көпшілік алдында сөйлеу кезінде, лауазымды адамдарға, немесе бірнеше адамға ауызша айтылған жалған, негізсіз мәліметтер адамның ар-намысына тиіп, беделіне нұқсан келтіруі мүмкін.

Азаматтық кодекстің 141-бабы 3-тармағы және 143-бабы 1-тармағының талабына сай таратылған мәлімдеменің шындығын дәлелдеу жауапкерге жүктеледі. Ал талапкер тек жауапкердің өзі жөнінде жалған мәліметті таратқанын ғана дәлелдеуге міндетті. Жауапкер өзі айтқан, жариялаған мәліметтің негізділігін нақты дәлелдермен көрсетіп беруі керек. Егер өзі таратқан жазбаның шындыққа сәйкес екенін дәлелдеп бере алмаса, онда азаматтың ар-намысын таптап, іскерлік беделіне нұқсан келтіргені үшін жауаптылыққа тартылатынын ұмытпағаны жөн.

Азаматтық кодекстің 143-бабы 2-бөлімінде көрсетілгендей азаматтың немесе заңды тұлғаның ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылған болса, олар сол бұқаралық ақпарат құралдарында тегін теріске шығарылуға тиіс. Егер бұқаралық ақпарат құралдары өздерінде жарияланған мәліметті теріске шығарып, бір айдың ішінде жарияланым жасамаса не жауапты жариялау туралы азаматтың немесе заңды тұлғаның талабын орындармаса, онда іс сотта қаралады.

Жауапкер соттың шешімін

орындамаған жағдайда сот тәртіп бұзушыға айыппұл салуға құқылы. Айыппұл азаматтық іс жүргізу заңдарында белгіленген тәртіп пен мөлшерде салынады. Айыппұл төлеу тәртіп бұзушыны сот шешімінде көзделген әрекетті орындау міндетінен босатпайды.

Тағы бір айта кетерлігі, азаматтың ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтар таратылған болса, ол мұндай мағлұматтарды теріске шығарумен бірге, өзіне келтірілген залалдың және моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге құқылы. Өкінішке қарай, кейбір жәбірленушілер моральдық өтемақыға қомақты қаржы сұрап, сот белгілеген сомаға көңілі толмай жатады. Азаматтық процестік кодекске сәйкес моральдық зиян өтемақысының көлемі, адалдық, ақылға қонымдылық және әділдік қағидаларына сүйене отырып, істі қарайтын соттың қарауына қалдырылады. Моральдық зиянды өтеу туралы талаптар осы дауларды қарайтын судьяларға үлкен жауапкершілік жүктейтінін де ұмытпайық.

Марат НҰРБЕКОВ,
Алатау аудандық сотының
судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

СЕМІЗДІККЕ ШАЛДЫҚАНДАР ҚАТАРЫ АРТҚАН

ҚР ДСМ Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы дайындаған есебі негізінде Қазақстанда толық адамдар саны артып бара жатқаны жайлы ақпарат тарады. Аталмыш ведомствоның мәліметінше, 2022 жылы мектеп жасындағы ұл балалардың арасында 14,3 пайыз, қыздардың арасында 18,8 пайыз көрсеткіште семіздік байқалған. Мұны тиісті мекемелер алаңдарлық жағдай деп бағалайды.

Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының мәліметінше, қазақстандықтардың 20% астамы семіздікке шалдыққан.

«ҚР ДСМ статистикалық деректері бойынша 2021 жылдың басында 17 жасқа дейінгілерден 6 491 бала семіздікпен диспансерлік есепте тұрады. 40 пен 60 жас аралығындағы ересектер семіздікке жиі ұшырайды. Өйткені зат алмасу процестері баяулайды, физикалық белсенділік төмендейді және тамақтану әдеттерін өзгерту қиын. Семіздік жылдан-жылға «жасарып» келеді: жас балалар 40 жыл бұрынғы кезбен салыстырғанда 10 есе жиі зардап шегуде»,– деп атап өтеді Ұлттық денсаулық сақтау орталығы. Жалпы артық салмақ өмір сүру ұзақтығын орта есеппен 7 жылға қысқартатыны мәлім. Әлемдік практика балалар семіздігі – семіздіктің,

ерте өлімнің және ересек жастағы мүгедектіктің жоғары ықтималдығын тудыратын қатер екенін көрсеткен. Ал семіздік көптеген аурудың, соның ішінде қатерлі ісік, жүрек-қан тамырлары аурулары, 2-типті қант диабеті және созылмалы респираторлық аурулар қаупін арттыратыны, кейінірек ол мүгедектікке немесе өлімге әкелуі мүмкін екендігі де тәжірибеде дәлелденген.

Бұл дерт жалпы, көптеген аурулардың бастауы, қоздырушысы, ол дертті асқындырады және қант диабеті, жүрек-қан тамырлары сырқатының ерте дамуын, сондай-ақ, ұйқы кезіндегі апноэ, психологиялық күйзеліс, инсулинге тәуелділік қаупін көбейтеді. Отандық ғалымдар мен осы сала дәрігерлері қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының сарапшылары атап өткендей, семіздіктің басты себебі тамақтану әдеттерінде жатқанын дәлелдеді. Түрлі фаст-фудтарға деген құштарлық, жартылай фабрикаттар, өнеркәсіптік тұздықтардың басым болуы, қазіргі өмір салтының ерекшеліктері, жылдам тағамдар, құрамында қант мөлшері жоғары сусындар, оған қоса смартфондар, теледидар, планшеттерде семіздікке жетелейтін факторлар.

М.ҚҰРМАНБАЙ

ФАРМАЦЕВТИКА НАРЫҒЫНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ

Алматыда Adam Smith Conferences ұйымының ұйымдастыруымен XIV Еуразиялық фармацевтика форумы өтті.



Дәстүрлі шарада биыл Қазақстан, Өзбекстан, Беларусь, Ресей, Қырғызстан, Әзірбайжан, Молдова, Армения және Грузия елдерінің жетекші ойыншыларының басы қосылды. 300-ден астам форум қатысушыларының арасында мемлекеттік реттеуші органдардың, халықаралық ұйымдардың, өндірушілер, дистрибьюторлар мен дәріхана желілері, кәсіби және пациенттер қауымдастығы өкілдері де болды. Олар онда бірыңғай нарықтың фармацевтикалық қызметін реттеудегі негізгі өзгерістер, дәрілік заттарды тіркеу және сараптау, бағаны реттеу, инновациялық препараттар нарығына қолжетімділік, фармацевтикалық нарықтың сақтау министрлігінің мен даму перспективалары, ЕАЭО және ТМД елдерінде клиникалық сынақтар өткізу, оқшаулау мүмкіндіктері, дистрибуция және дәріхана сегменттерін дамыту, сондай-ақ, дәрілік заттарды таңбалау және қадағалау жүйесінің өзекті мәселелерін талқылады.

«СК-Фармация» ЖШС басқарма төрағасы Ерхат Искалиевтің айтуынша, бірыңғай оператор жыл сайын 2 мыңнан астам медициналық мекемедегі 5 млн-нан астам пациентті дәрі-дәрмек пен медициналық өнімдермен қамтамасыз етеді. Мәселен, былтыр 1762 дәрі-дәрмек пен медициналық өнімдерді сатып алуға бюджеттің 57,5 млн доллар көлеміндегі қаржысы жұмсалды. Ал биыл бұл тізім 1765-ті құрап отыр. 2021 жылы ол 1439 болатын. Яғни, 2010 жылдан бері бірыңғай дистрибьютер сатып алатын дәрі-дәрмек пен медициналық өнімдер көлемі 11 есе, ал олардың атаулары 2,2 есе және қазақстандық өндірушілердің үлесі 2,2 есе өсті. Отандық өндірушілерге жеңілдік жасау жағынан бүгінде Қазақстан ТМД аумағында алдыңғы орында тұр. 36 отандық өндірушілермен 760 дәрілік зат пен 3909 медициналық өнімді жеткізу бойынша 10 жылға 100 келісім жасалып отыр. Мәселен отандық өндірушілерден сатып алу көлемі 2019 жылы 515 аталым бойынша 47,8 млрд теңге, 2020 жылы 577 аталым бойынша 68,2 млрд теңгені, 2021 жылы 649 аталым бойынша 90,3 млрд теңге, 2022 жылы 848 аталым бойынша 99 млрд теңгені құрады. Соның нәтижесінде былтыр нарықтағы отандық өндірушілердің үлесі 60 пайызға жуықтады.

– Қазіргі таңда елімізде 97

фармацевтикалық өндіруші бар. Оның 34-і дәрі-дәрмек, 63-і медициналық бағыттағы өнімдерге маманданған. Олар 1046 атаулы дәрі-дәрмек пен 1320 атаулы медициналық өнімдер өндіруде. Былтыр 9 айда отандық өндірушілердің үлесі нарықта 29 пайызды құрады. Осы арада 2022 жылдың жалпы көрсеткіші 2023 жылдың алғашқы тоқсанында ғана мәлім болатынын еске сала кеткен жөн шығар. Былтыр фармацевтика нарығы 5 пайызға өсіп, қаржылық эквивалентте 162,63 млрд теңге болды. Оның ішінде экспорт 32,2 млн долларды, импорт 17 млрд долларды құрады. Ал саладағы инвестиция көлемі 13 млрд теңге, – болды деді Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті төрағасының орынбасары Лязат Қашқыбаеваның сөзіне қарағанда, бүгінгі таңда АҚШ-тың PFIZER, Данияның NovoNordisk, Жапонияның TAKEDA, Түркияның ATABAY Pharmaceuticals and Fine Chemicals, Ұлыбританияның AstraZeneca, Швейцарияның Hoffman-La Roche және Sandoz компанияларымен келіссөздер жүріп жатыр. Бұл жаңадан қосымша 35 өндіріс орнын ашуға мүмкіндік береді. Олардың 17-сі дәрі-дәрмек, 18-і медициналық өнімдер өндіруге бағытталады. Осы арада айта кететін тағы бәр жәйт, дәрілік заттар өндіретін өндіріс орындарының 13-і шетелдіктердің қатысуымен, төртеуі отандық тауар өндірушілердің еншісіне тиіп отыр. Ал медициналық өнімдер өндіруші өндіріс орындарының 13-і шетелдіктердің қатысуымен, бесеуі отандық тауар өндірушілердің үлесінде болмақ.

Қазақстан қазір әлемдегі дәрі-дәрмек пен медициналық өнімдердің көтерме және бөлшек саудадағы бағасын реттеп отырған санаулы елдердің бірі. Бұл үрдіс елімізде 2019 жылдан басталды. Көршілес Өзбекстан оны 2021 жылдан бастады. Тағы бір көршіміз Әзірбайжанда да ахуал дәл осындай. Дегенмен, ЕАЭО талабы бойынша Қазақстан 2026 жылдан бастап көтерме және бөлшек саудадағы бағаны реттеуді қайтадан нарыққа жібермек. Сондықтан Қазақстандағы қазіргі қолайлы инвестициялық ахуалды пайдаланып, өндіріс орнын ашуға қызығушылар қатары алдағы 2 жылда есепсе кемімейді деген болжам бар.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ
Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80. Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.
---------------	---

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5515 дана
Апталық таралым 11 054 дана
Тапсырыс №34 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31